

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 91 (9409) | 1954 ЖЫЛҒЫ 7 май Жұма | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Мал азығындық дақылдарды көп егейік

Қазір облысымыздың колхоздары мен совхоздарының егіс далаларында қайнаған еңбек. Мыңдаған колхозшылар мен совхоз жұмысшылары көктемгі егісті ед қысқа агротехникалық мерзім ішінде, жоғары сапада өткізу үшін өздеріне көтерілкі міндеттемелер алып, ол міндеттемелерін мүлтіксіз жүзеге асыру жолында жанаямай күресуде. Бұл күрес заңды да. Өйткені, көктемгі егісті әрі тез, әрі сапалы аяқтау барлық ауылшаруашылық дақылдарынан, әсіресе, аса бағалы азық-түліктік дақыл—бидайдың мол өнім алуына, осының негізінде мал шаруашылығын өркендетуді, одан алынатын өнімдерді арттыра түсуді қамтамасыз етеді.

Колхоздар мен МТС-тердің алдында үстеміздегі жылы мал үшін құнарлы азықтардың мол қорын жасау міндеті тұр. Бұл міндет мал азығындық дәнді дақылдар—сұлы, арпа егістерінің көлемін арттыруды, сүрлеу үшін егілетін жүгері мен күнбағысты, суданка, моғар шөптерін көп егуді, мал азығындық тамыржемістерді егудің агротехникасын жақсартуды талап етеді. Сол сияқты, мал жемі үшін егілетін картоп егісінің көлемін ұлғайту арқылы, әрбір колхоздың жеміш қорындағы картоптың үлес салмағын едәуір арттыру қажет болады.

Дайындалған мал азығы қорында дәнді, тамыржемісті және басқа құнарлы азықтар қаншама көп болса, мал шаруашылығын өркендетуде де, одан алынатын өнімдерді арттыруда да, соншама келеді табыстарға жетуге болатынын алдыңғы қатарлы шаруашылықтар өздерінің іс-тәжірибелерімен дәлелдеп келеді. Мәселен, Мамлют асыл тұқымды мал совхозы өткен жылы әрбір сауын сыйыр үшін дайындалған 100 центнер жеміштің 40 центнерін сүрленген шөп, 30 центнерін картоп, мал азығындық қызылша және қапуста есебінен өзірледі. Осының нәтижесінде совхозда бірде-бір мал шығын болған жоқ. Қыста малдың қандылығы жаз айларындағы қалпында сақталып, сыйырлардың сүттілігі едәуір арттырылды, алынған сүттің майлылығы да жоғары болды. Мал үшін құнарлы азық қорын мол өзірлеген Полудень ауданындағы «Прогресс» колхозының мүшелері де мал басын өсіру, оның өнімдерін арттыру жөнінде жақсы көрсеткіштерге ие болып отыр.

Бірақ, мұндай алдыңғы қатарлы шар-

алғашқы күндерінде егілетін күнбағыс егісінің тұқымы да жеткіліксіз. «Сортсеменоводытың» облыстық мекемесі еліміздің басқа аудандарынан әкелінген сүрленетін жүгері тұқымынан осы ауданның колхоздарына 56 центнер тұқым бөлген. Бұл тұқымды колхоздарға тасып алуы ұйымдастыруға аудан басшылары да, МТС-тер мен колхоздардың басшылары да асығар емес.

Сүрленетін күнбағыс, көпжылдық екпе шөп, арпа және сұлы егістерінен мол өнім алуы қамтамасыз ету үшін, оларды көктемнің алғашқы күндерінде себу қажет. Бірақ, көптеген колхоздар жеміштік дақылдардың бұл түрлерін себугі кезекке қойып келеді. Тіпті, Ленин ауданындағы Образцовая МТС-інде соңғы уақытқа дейін жеміштік дақылдар егілетін егістік участоктерді іріктеп алу аяқталмаған.

Мал азығындық жеміш егудің жоспарын әрбір колхозда оның түр-түрі бойынша толық орындап, бұл дақылдардан мол өнім алуы қамтамасыз ету мал шаруашылығын өркендетудің үлкен резерві болып табылады. Олай болса, бұл дақылдарды жақсы жұмысталған зяб пен парға егуді ең қолайлы агротехникалық мерзім ішінде жүргізуді ұйымдастыру—көзіргі маңызды міндеттердің бірі.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін аудандық партия комитеттері, аудандық аткомдер, МТС басшылары әрбір колхозды құнарлы жеміш егістерінің тұқымдарымен қажетті мөлшерде қамтамасыз етуге тиіс. Осы мақсатпен колхоздар арасында артық тұқымды сатуды, немесе, қарызға алуы шұғыл ұйымдастыру керек. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы аудандарға тамыржемістер мен бақша дақылдары тұқымдарының түр-түрі бойынша жеткілікті мөлшерде жеткізілуін тездетуге міндетті.

Үстеміздегі жылы облыс колхоздарында сүрлеуге арнап жүгері егуді кеңінен қолдану кездейсоқ іс емес. Жүгері—сүрленетін азықтардың ішіндегі ең құнарлысы. Сондықтан сүрленетін жүгері мен күнбағыс жөнінде белгіленген жоспарды толық орындап, әрбір колхоз бір сыйырға сапалы сүрленген 5—6 тоннадан сүр азық дайындайтын болуы керек. Бұл үшін сүрленетін жүгерінің, күнбағысты жақсы жұмысталған, топырағы құнарлы егіс алаңдарына орналастырып, оны

Көктемгі бір күн—жылға азық

Егіс жұмыстарын тез және сапалы жүргізу жолындағы социалистік жарысты күшейте берейік

Тың жердегі егіннің гектарынан 20 центнерден өнім аламыз

Қазіргі уақытта партиямыз бен үкметіміз ауыл шаруашылығының негізі—астық өндірісін шұғыл өркендету міндетін қойып отыр. Бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру—елімізде азық-түлік молшылығын жасауды қамтамасыз етеді. Мұнымен бірге колхоздар мен совхоздардың экономикасы нығайып, халқымыздың әл-ауқат, мәдени дәрежесі анағұрлым жақсара түседі.

Мен басқаратын № 6 трактор бригадасын МТС дирекциясы тың және тыңайған жерлерді игеретін бригаданың қатарына қосты. Бригадада 2 «ДТ—54» және 1 «СТЗ» тракторлары бар. Жақында бригадаға тағы да бір қуатты трактор берілді. Бригада мүшелері алдында тұрған міндет—«Завет Ильича» колхозындағы 1300 гектар тың жерді көтеру. Мұның 400 гектары көктемде жыртылып, оған тұқым себілуі керек. Қалған 900 гектары шар мен зябке жыртылады.

Механизаторлар өздерінің алдында тұрған осы жауапты, әрі абройлы міндетті жете түсінген. Сондықтан да олар астық өндірісін шұғыл арттыру жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысқа қосыла отырып, 1300 гектар тыңды 10 июньге дейін көтеруге, көктемде жыртылып тұқым себілетін 400 гектар егіннің әрбір гектарынан күздікте 20 центнерден өнім алуға серт берді.

Тракторшылар алған міндеттемелерін орындаудың шешуші кезеңі—көктемгі дала жұмыстарына быйыл барлық жағынан толық әзірлікпен кірісті. Бригадаға МТС дирекциясы және колхоз басқармасы тарапынан өнімді еңбек етуге барлық жағдайлар туғызылып отыр. Бізге МТС жанар май тасыйтын бір автомобиль бөлі. Бригадада әкелген жанар, жағар майларды құйып алатын ыдыстар жеткілікті. Механизаторларға және бригаданы қамтыйтын колхозшыларға арналып 20 кісілік шатыр бөлінді.

Колхоз басқармасы дала жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап, механизаторларды үш мерзім астық аспен қамтамасыз етті. Ас пісіруші, сушы, жа-

Партия, совет және ауылшаруашылық органдары, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлері әрбір колхоз бен совхозда жемшөптің берік базасын жасауды шындап қолға алыңыздар, сөйтіп, мал шаруашылығын тез өркендетуді қамтамасыз етіңіздер!

Облыс колхоздарында өгіс жұмыстарының орындалу барысы

5 майдағы мәлімет бойынша (жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	себілген дақылдар		
	жер жыгу	барлығы	жаздық бидай
Булаев	23,9	7,1	9,6
Конюхов	21,1	17,1	22,1
Соколов	20,3	5,0	5,8
Совет	17,9	1,7	1,9
Приешім	15,8	1,3	1,5
Полудень	14,6	2,8	3,3
Петропавл	14,4	3,5	4,2
Ленин	10,6	1,1	0,9
Преснов	10,6	1,0	1,3
Мамлют	8,6	0,5	0,4
Октябрь	6,4	0,3	0,4

Өткен жылға қарағанда быйыл облысымызда өгіс жұмыстары өте кеш басталды. Мұның өзі облыс егіншілерінен дала жұмыстарын ұйымшылдықпен өткізуді және жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының көктемгі егіске оперативті басшылық етулерін талап етеді.

Облысымыздың бірқатар МТС-тері мен колхоздары және совхоздары өгіс жұмыстарын алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен өткізуде. Көптеген механизаторлар тракторлардың қуатын іске тиімді пайдаланып, алғашқы күндердің өзінде жаңа табыстарға ие болуда. Бірқатар колхоздар тыңды көптеп көтеріп, ол жерлерге тұқым себуге. Мысалға Совет ауданындағы «Борьба за коммунизм» колхозын алуға болады. Бұл колхоздағы совет МТС-нің механизаторлары 7—8 күннің ішінде 400 гектар тың жер жыртып. Қазір ол жерлерге тұқым себу қызу жүргізілуде. Осы аудандағы «Қазақстанның 30 жылдығы» және «Совет» колхоздары да көктемде тың жер жыртыудың жоспарын толық орындап шықты.

туындағы колхоздарда өгіс жұмыстарын жүргізуге мүмкіншіліктер бар. Алайда, МТС директоры Шишкин жолдас жайбарақаттыққа салынып, трактор бригадаларының жұмыстарын ұйымдастыра алмады.

Осы аудандағы Коновалов МТС-нің алдында аса жауапты міндет тұр. МТС механизаторлары колхоздарда 30 мың гектарға жуық тың жерлердің көтерілуіне жетісуге тиіс. Алайда, МТС-тің кейбір трактор бригадаларының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Мұнда тракторлардың сынын туруы сыяқты фактілер жиі кездесуде. Жағдай Торанғұл, Семиполка МТС-терінде де осындай. Бұл МТС-тер әлі де болса көктемгі өгіске шындап кіріскен жоқ.

Трактор бригадаларының жұмыс өнімділігінің нашар болуы Октябрь ауданында өгіс жұмыстарының қарқыны өте мөте байу болуына әкеліп соғуда. Солай бола тұрса да, аудандық партия комитетінің секретары Кундеренко, аудандық Совет аткомінің председатели Мусин жолдастар МТС директорларынан өгіс жұмыстарының тыңғылықты ұйымдастырудың қатаң талап етпей отыр.

Көп жерлерде тракторлардың өнімді жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар туғызылмаған. Конюхов ауданындағы Чистяк МТС-інде небары 1-ақ жылжымалы мастерской бар. Ал, қалған екі жылжымалы мастерской әлі күнге дейін жөнделмеген. Осының салдарынан трактор бригадаларының көпшілігі жылжымалы мастерскоймен қамтылмайды. Сондықтан күн сайын МТС-те кемінде 4—5 трактор техникалық жарамсыздықтан өгіс жұмыстарына қатыспауы кездейсоқ нәрсе емес.

Егіс жұмыстарын белгіленген мерзімге агротехникалық ережелерге сәйкес өткізу үшін осы уақытқа дейін орын алып келген кемшіліктерді дереу жойып, жұмыстың дамуына көмектесу керек. Жергілікті пар-

УКРАИН ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ МЕРЕКЕЛІК СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

КИЕВ, 5 май (СОТА). Атақты тарихи дата—Украинаның Россияға қосылуының 300 жылдығын атап өту үшін Украин ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Украин Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің мерекелік бесінші сессиясын 1954 жылдың 22 майында Киев қаласында шақыруға қаулы етті.

Г. М. МАЛЕНКОВ, Н. С. ХРУЩЕВ, Л. М. КАГАНОВИЧ, А. И. МИКОЯН М. Г. ПЕРВУХИН ЖОЛДАСТАРДЫҢ ССРО-НЫҢ ТӨРТІНШІ САЙЛАНҒАН ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗДЕРІНІҢ ЖЕКЕ КІТАПШАЛАР БОЛЫП БАСЫЛЫҒЫ ШЫҒУЫ

Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы Г. М. Маленков, Н. С. Хрущев, Л. М. Каганович, А. И. Микоян және М. Г. Первухин жолдастардың ССРО-ның төртінші сайланған Жоғарғы Советінің бірінші сессиясында сөйлеген сөздерін жеке кітапшалар етіп басып шығарды. Кітапшалар көп тиражбен басылды. (СОТА).

Темір жол транспорты қызметкерлері активінің бүкілодақтық кеңесі

5 майда, Москвада, Кремльдің Үлкен Сарайында, темір жол транспорты қызметкерлері активінің Бүкілодақтық кеңесі өзінің жұмысын жүргізе берді. 1953 жылдағы темір жолдар жұмысының қорытындысы туралы және темір жол транспортын мұнан былай да жоғары саатыға көтерудің шаралары туралы баяндама тапқыланды. Паровоз машинистері, вагон шеберлері, поездарды құрастырушылар, диспетчерлер, жолшылар, транспорттың командирлері, саяси қызметкерлер, министрлік пен мекемелердің өкілдері өздерінің сөйлеген сөздерінде жұмыс тәжірибелерін ортаға салып, пайдаланылмай жатқан мүмкіншіліктердің бетін ашты, кемшіліктерді сынады.

БАСПАСӨЗ КҮНІН МЕРЕКЕДЕУ

нығандыдағы тәжірибелері барлық колхоздардың игілігіне айналдырылмай отыр. Көптеген колхоздар әлі де болса мал азығы үшін тек табиғи пішен ғана дайындаумен қанағаттанып келеді. Соның өзінде, көп жағдайда пішен дайындау жоспары толық орындалмайды. Өткен жылы Жамбыл атындағы колхозда (Октябрь ауданы) жағдай дәл осындай болды. Колхозда мал жеміндік дәнді, тамыржеміс дақылдары, сүр азықтар өте-мөте аз болды. Ал, табиғи пішен дайындау жоспарының үштен бірі де орындалмады. Мұның ақыры қыс айларында жемшөптің тапшылығынан малдың өлім-жітімге ұшырауына, малдың қандылығы төмендеуі, өнімі мүлдем кеміп кетуіне әкеліп соқты.

Жамбыл атындағы колхоздың басшылары құнарлы жемшөп (тапшылығының өткен қыстағы қыйыншылығынан тиісті қорытынды шығарып, үстіміздегі көктемде мал азығындық дақылдар егу жоспарын барлық түрінен толық орындауға әзірленуді ұйымдастырулары керек еді. Алайда, мұнда жемшөптік дақылдар тұқымы, олардың түр-түрінен толық жеткілікті әзірленбеуі қызылшаның жағдай.

Мұндай жағдай Октябрь ауданының басқа колхоздарында да бар. Картоп тұқымын әзірлеу ауданның Ворошилов атындағы, Коновалов, Торангүл МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда жарым-жартылай ғана орындалған. Көктемнің

арқылы шығымдылығын мейлінше арттыру қажет.

Жүгері дақыл быйғы облыс колхоздарының көпшілігінде бірінші жыл егіледі. Сондықтан оның тұқымы еліміздің басқа облыстарынан әкелініп отыр. Ал, бұдан былайғы жылдарда сүрленетін жүгері егісінің көлемін ұлғайта беру үшін әрбір колхозда жүгері тек сүрлеуге арнап егілмей, тұқым дайындау үшін де егілуі тиіс.

Жүгерінің себуда МТС агрономдарының міндеті өте зор. Олар колхоздарда сүрленетін жүгерінің себуге «СП—6» шаршыұялы тұқым сенкіштерді кеңінен қолдануды ұйымдастыруға міндетті.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март пленумдары қаулыларында атап көрсетілгеніндей, жемшөптік құнарлы азықтар тапшылығынан үзілді-кесілді арылу— мал шаруашылығын өркендету, одан алынатын өнімдерді арттыру жөнінде шешуші роль атқарады. Видеше, жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары, МТС, колхоз басшылары мен агрономдар жемшөптік дәнді дақылдардың, сүрлеуге арналған дақылдардың, мал азығындық қызылшаның, картоптың, тағы басқа тамыржемістердің егісін ең қолайлы агротехникалық мерзім ішінде, жоғары сапада өткізуді, сөйтіп, олардан мол өнім алудың берік негізін қалатуды қамтамасыз етуге міндетті.

«Правда» газетінің И. В. Сталин атындағы баспаханасын наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының указы

«Правда» газетінің И. В. Сталин атындағы баспаханасының елде баспа ісін өркендетуде қол жеткен аса зор табыстарын еске ала отырып және оның жыйырма жылдығына байланысты «Правда» газетінің И. В. Сталин атындағы баспаханасы Ленин орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**
СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль
4 май, 1954 жыл.

ҚЛКЖО обкомі мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында

МТС-тердегі жастар трактор бригадаларының егіс жұмыстарын кезінде және сапалы орындау, барлық дақылдардан жоспарлы өнім алу, тракторлар мен басқа техниканы жоғары өнімді пайдалану жолындағы облыстық социалистік жарысы ұйымдастырылсын.

МТС механизаторларының жалпы жарысында ең жақсы көрсеткіштерге ие болған жастар трактор бригадалары жарыста жеңіп шыққандар болып есептеледі. Жарысушы бригадалар үшін бірінші бір сыйлық, екінші екі сыйлық, үшінші үш сыйлық тағайындалады.

Жарыста жеңіп шыққан бригадаларға облыстық комсомол комитеті мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ауыспалы қызыл туы беріледі. Сол сияқты бірінші орынға ие болған бригада облыстық комсомол комитетінің құрмет кітабына жазылады және оған 1 мың сомдық бағалы сыйлықтар беріледі.

Жарыста екінші орынға ие болған бригадалар облыстық комсомол комитетінің құрмет кітабына жазылады және олардың әрқайсысына 500 сомдық бағалы сыйлықтар беріледі.

Жарыста үшінші орынға ие болған бригадалар облыстық комсомол комитетінің құрмет кітабына жазылады және 300 сомдық бағалы сыйлықтар беріледі.

МТС директорлары аудандық комсомол комитеттерімен бірлесе отырып, жылының 2 рет: 15 июньде және 15 ноябрьде жастар трактор бригадаларының қорытындыларын шығарады.

Көктемгі-жазғы маусымда ең жақсы көрсеткіштерге ие болған жастар бригадалары жарыста бірінші орынды жеңіп алуға кандидат болып ұсынылады.

Облыстық комсомол комитеті мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жарысты 1954 жылғы 15 ноябрьде бір-жолата қорытындылайды.

пар, жағар мап тасушылар өз істеріне ұқыпты колхозшылар.

Осының барлығы егіс жұмыстарына тракторлардың қуатын өнімді пайдалануға мүмкіндік беріп отыр. Тракторшылар уақыттың әрбір минуты өнімді пайдалану үшін күресуде. Сондықтан да олар сменалық жұмыс тапсырмаларын үнемі артығымен орындауға жетісіп жүр. Әресе, тракторшылар Е. Рудик, П. Берс жолдастар ерекше көзге түсуде. Олар смена сайын 5,6 гектар орнына 6 гектардан тың жер жыртады.

Тың жер жыртуға тракторлардың қуатын толық пайдаланудың нәтижесінде бригадада кәзірдің өзінде 100 гектардан астам тың жер жыртылды. Біз жыртылған жерді дереу дискелеп, тырмалаймыз. Сөйтіп, оған жаздық бидайдың қатты тұқымын себеміз.

Бригада мүшелері еңбек өнімділігін арттыра отырып, социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап шығады. Оған бізде қажетті мүмкіншіліктердің барлығы да бар.

М. КОСТЕНКО.

Интернационал МТС-нің № 6 трактор бригадасының бригадирі.

Қызу қарғын

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары мен Петропавл МТС-нің осы колхоздағы механизаторлары көктемгі егіс жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізіп келеді.

Механизаторлар тракторлардың қуатын жұмысқа өнімді пайдалана отырып, төрт-бес жұмыс күнінде 123 гектар жер жыртып, 336 гектар жерге тұқым септі. Тұқымның көпшілігі тың және тыңайған жерлерге себілді. Тракторшылар егіс жұмыстарын қысқа мерзімде және сапалы аяқтау үшін күресуде.

Ш. ҚАБЫКЕЕВ.

★

Алайда, облысымызды тұтас алғанда егіс жұмыстарының қарқыны мүлдем баяу болып отыр. Бірқатар жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоздардың және МТС-тердің басшылары «жер әлі саз» деген зиянды пікірдің шырмауында болып, егіс жұмыстарының көріне-көзге кеш басталуына жол берді. Жағдай әресе, Октябрь және Мамлют аудандарының колхоздарында өте-мөте төзгісіз болып отыр. Осы уақытқа дейін Октябрь ауданындағы Ворошилов атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздардың бірде-бірі жер жыртуға, тұқым себуге кіріспеген. Шынында бұл МТС-тің қам-

ТЫҢ КӨПТЕП КӨТЕРІЛУДЕ

Совет ауданындағы «Бөктерек» колхозының колхозшылары астық өндірісін шұғыл арттыру жолындағы социалистік жарысқа қосыла отырып, көктемгі егіс жұмыстарын ұйымдасқан түрде жүргізуде. Олар үстіміздегі жылдың көктемінде 500 гектар тың жер жыртып, оған тұқым себуге міндеттенсе, кәзірдің өзінде 325 гектар тың көтерілді.

Бұл жұмыста Б. Шәріпов жолдас басқарған Совет МТС-нің комсомол-жастар трактор бригадасының механизаторлары еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде. Партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді көтеруге Кубаньнан келген тракторшы А. Чернов жолдас үздік

тия, совет ұйымдары егіншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысын кеңінен өрістетіп, өзара социалистік жарыста алынған міндеттемелердің күнбе-күн орындалып отырылуына жетісуге міндетті. Олар алдыңғы қатарлы механизаторлардың, трактор бригадаларының жұмыс тәжірибелерін кеңінен таратуға тиіс.

Облыс еңбекшілері! Барлық күш-мүмкіншіліктерді көктемгі егісті қысқа мерзімде сапалы өткізуге жұмылдырып, астық өндірісін шұғыл өркендету жолындағы міндеттің мінсіз орындалуының берік негізін қалаңыздар!

табыстарға ие болуда. Ол «ДТ — 54» тракторымен смена сайын 5,6 гектар орнына үнемі 6—6,5 гектардан жер жыртады.

Колхоздағы басқа трактор бригадасы да жыртылған тың жерлерді жұмыстау ісін тыңғылдықпен ұйымдастырған. Бұл күндері колхозшылар мен тракторшылар тың жерлерге жаздық бидай тұқымын себуге қызу кірісті.

Осы колхоздың колхозшылары және Совет МТС-нің механизаторлары егіннен мол өнім алынуын қамтамасыз ету мақсатымен дала жұмыстарының қарқынын күн санап күшейтуде.

Т. ШӘМЕКЕШОВ.


Сапалы ТҰҚЫМ

Көктемгі егістің қысқа мерзімде әрі агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілуі, егіннен алынатын өнімнің мол болуы тұқымдық дәттің жеткілікті мөлшерде, сапалы әзірленуіне де тығыз байланысты. Мұны жете түсінген Ленин атындағы колхоздың мүшелері (Преснов ауданы) 4386 центнер сапалы тұқым дайындап оны жақсы жұмысталған жерге себуге.

Колхоз мүшелері мұндай табысқа астық тазалағыш машиналардың қуатын сарқа пайдалану, еңбек ұйымдастыру тәртібін жақсарту арқасында ие болды. Колхозшылар Ж. Қасмақанов, А. Нуртаева, Ә. Ділдібаева жолдастар астық тазалауда қақырлы еңбек етіп келеді.

А. ҚАЗИЕВ.

★



Петропавл ауданындағы Асанов МТС-нің № 6 трактор бригадасы Киров атындағы колхозда тұқым себуге кірісті. Тракторшылар Ф. Окс және П. Семенов «ДТ — 54» тракторына 3 сеялка, 9 тырма тіркеп, біржарым күн сөйтіп, тапсырмаларын асыра орындады.

Суретте: Киров атындағы колхозда тұқым сеуіп жүрген агрегаттың жалпы көрінісі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Совет халқы Баспасөз күні 5 майдан атап өтті. Астананың кәсіпорындарында, мекемелерде, оқу орындарында, лекция залдарында әңгімелер және баяндамалар өткізілді.

Одақ Үйінің Колонна залында Баспасөз күніне арналған газет, журнал, баспа, полиграфия кәсіпорындары қызметкерлері мен тілші активінің бүкілмемлекеттік жыйналысы болды.

Жыйналысты СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Фурцева жолдас ашты.

СОКП Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары Стренухов жолдас баяндама жасады.

Кеше журналистердің орталық үйінде Совет баспасөз күніне арналған көрме ашылды. Кәзір елімізде 7800-ге жуық тазет шығады. Олардың тиражы 44 миллион данадан астам. Республикалық, өлкелік, облыстық, қалалық және аудандық газеттерде жарияланатын материалдар көп. СОКП XIX съезінің қарарларын, шаруашылық пен мәдениетті мұнан былай да көтере беруге, совет адамдарының әлауқат тұрмысын жақсарту беруге бағытталған партия мен үкметтің қаулыларын Совет баспасөзінің қалай насихаттап отырғандығын жоғарыда аталған газеттердің бетінен көруге болады.

Сол сияқты, Баспасөз күніне арналған көрмелер Москваның кітапханаларында да ашылды.

Облысымызда баспасөз күнін мерекелеу

Бүкіл еліміздегі сияқты облыс еңбекшілері Советтік баспасөз күнін саяси зор орлеу үстінде атап өтті.

5 май күні ҚКП Петропавл қалалық комитетінің кітапханасының кең залында Советтік баспасөз күніне арналған жыйналыс болып өтті. Оған қаланың партия, совет қызметкерлері, қабырға газеттерінің редакторлары, кәсіпорындарының жұмысшылары, баспахана қызметкерлері қатысты. Жыйналысты қалалық партия комитетінің секретары Понов жолдас ашты.

Облыстық «Ленин туы» газетінің редакторы Мұхамеджанов жолдас Советтік баспасөз күні туралы баяндама жасады. Мұнан кейін еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет аткомінің секретары Зайтов жолдас облыстық Совет аткомінің баспахана қызметкерлерін Құрмет грамотасымен наградтау туралы қаулысын жариялады.

Жыйналыстың соңында А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты және В. И. Ленин атындағы клубтың көркем-өнерпаздары коллективтерінің күшімен концерт берілді.

Облыстық кәсіпорындары мен мекемелерінде, колхоз, совхоздарында, МТС-терінде қабырға газеттері мен «жауынгерлік листоктердің» баспасөз күніне арналған кезекті номерлері шығарылды. Сонымен қатар, баспасөз күні жөнінде арнаулы әңгімелер өткізілді.

С О В Е Т Қ У Р Ы Л Ы С Ы

Оқу үйі көктемгі егіс кезінде

СОКП Орталық Комитетінің септәбір және февраль-март Пленумдары ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына талудағы екі-үш жылдың ішінде астық өндірісін тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен шұғыл арттыру міндетін қойды. Көзір еліміздің еңбекшілері бұл міндетті орындау күресіне біркісідей жұмысуда.

Баян ауылдық Советінің оқу үйі (Преснов ауданы) бастауыш партия ұйымының көмегімен колхозшылар арасында үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын өрістетуде едәуір жұмыстар істейді. Оқу үйінің Советі көзір өзінің көктемгі егіс кезіндегі жұмыс жоспарын қайта толықтырып, жұмысты қос басында жүргізетін болды.

Жуырда оқу үйі активінің күшімен көктемгі егіс кезінде қос басында жұмыс істейтін үгітшілер кеңесі өткізілді. Онда үгітшілердің егіс кезіндегі міндеттері атап көрсетілді және колхозшылармен өгілетін ақпимелердің тақырыптары бекітілді. Үгітшілер үшін Баян МТС-нің аға агрономы Аяғанов жолдас ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің көзіркі кезіндегі міндеттері туралы лекция оқыды.

Колхозшы жастардың көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысын жақсартуда да оқу үйінің атқарған ролі өте зор. Бұл үйірменің мүшелері Баян орта мектебінің көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшелерімен бірлесіп, колхозшыларға үнемі концерттер беріп тұрады.

Дала бригадаларындағы колхозшыларды қажетті саяси, әдеби кітаптармен, газет, журналдармен толық қамтамасыз ету ісінде оқу үйі қызу қолға алды. Бұл үшін ең алдымен жылжымалы кітапхана ұйымдастырылды. Сол сияқты, егіншілер будқаларының іші ашекейленді, көрсеткіш такта жасалды.

Оқу үйінің кітап оқушыларының саны да күн санап артады. Мәселен, өткен жылы осы уақытпен салыстырғанда көзір кітап оқушылар саны біржарым еседей артты.

Оқу үйінің советі өзінің барлық жұмысын село еңбекшілерінің мәдени және рухани қажеттерін толық өтеуге бағыттап, колхоз егіншілерінің бүгін таңдағы басты міндеті — астық өндірісін шұғыл арттыру жолындағы күреске жұмылдыруда жергілікті партия ұйымына көмектесуде.

М. НАУШӘРІПОВ.

Преснов ауданындағы Баян ауылдық Советі оқу үйінің меңгерушісі.

Немкетті қарауға болмайды

Селолық Совет атқомдерінің секретарьлары мемлекет пен халықтың зор сеніміне бөленген. Олар Советтердің ұйымдастыру және бұқаралық жұмысын жақсартуда зор роль атқарады. Алайда, Соколов ауданында селолық Совет атқомдері секретарьларын іріктеп алу және

Колхозды селоны көркейте түсетін боламыз

Колхоздардың саяси-шаруашылық міндеттерді орындауына басшылық етіп және көмектесіп отырумен бірге, колхозшылардың мәдени-тұрмыс қажетін тыңғылықты өтеу, колхоздарды көркейтпін, мәдениетін арттыра беру мәселесі де ауыл-селолық Советтердің жұмысында үлкен орын алады.

Селолық Советтің қақтауындағы «Тигант» колхозының мәдени бейнесі жылдан-жылға өзгеріп келеді. Колхозды селоны көркейтеу жөнінде үстіміздегі жылы да бірқатар шараларды жүзеге асыру қарастырылып отыр. Колхоздың өткен жылғы табысы бір миллион сомнан асты. Мұның өзі быйыл колхозда көптеген жаңа құрылыстар салуға мүмкіндік береді.

Көзір селода екі құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Бір бригада мал қорасын ал, екінші бригада 300 кісілік орны бар жаңа клуб үйін салуда. Клуб жанынан оқу үйіне арналып бір бөлме, оқу залы, кино аппаратын орнататын бөлме, фойе жабдықталады.

Колхозда 100 бас ірі қарамал сыятын стандартты қора салынып жатыр. Мұнда еңбекті көп керек ететін жұмыстар тәулік механикаландырылады. Аспалы жол, автоматты суат, электр агрегаты орнатылады. Бұл үшін аспалы жол, жылжымалы электр станция көзірдің өзінде сатып алынды.

Мұнымен бірге, 1500 бас қой сыятын бір қора, 70 шошқа сыятын қора салу жоспарланып, құрылыс материалдары дайындала бастады.

Селолық Советтің 12 депутаты, 20 активі бар. Селолық Совет өзінің барлық жұмысын солар арқылы жүргізеді. Депутаттар мен активтер шаруашылықтың түрлі салаларында еңбек етеді. Құрылыс жұмыстарында ауылдық Советтің бірнеше депутаттары мен активтері жұмыс істейді. Олар өздерінің қажырлы еңбегімен басқа құрылысшыларға үлгі көрсетуде.

Селода жетіжылдық мектеп, дәрігерлік пункт, магазин, мәдени мекемелер, балалар ясли жұмыс істейді. Біз быйыл жетіжылдық мектепке арнап жаңа үй салуды, колхозшылардың үйлерін, ауылдық Совет пен колхоз басқармасының кеңес-

сін электрлендіруді жоспарладық. Электр станциясын салуға әзірлік көзір қызу қолға алынды. Жаңа мектеп үйін салуға 48 мың сом қаржы бөлікті. Оқу жылы аяқталысымен-ақ мектеп үйінің құрылысы қолға алынбақ.

Селолық Советтің депутаты А. Власюк жолдасстың басқаруымен 12 километр жердегі аудан орталығы — Булаевтал колхозға радио сым тартылып, селодағы 260 тұрғын үйдің тең жартысы радиоландырылды. Таяудағы күндерде барлық колхозшылардың үйлеріне радиоточка орнатылатын болады.

Селоны көгалдандыру жөнінде де быйыл бірқатар жұмыстар жүргізіледі. Көктемде колхозшылардың үй іргелеріне 3 мың түп ағаш отырғызылады. Мектеп, кеңесер, балалар ясли мен дәрігерлік пункт үйлерінің маңайы көгалдандырылады. 7 гектарлық колхоз бақшасының көлемі быйылғы жылдың өзінде тағы да 2 гектар ұлғайтылады.

Селолық Совет селодағы мәдени-ағарту, денсаулық сақтау орындары мен магазиннің жұмысын үнемі бақылап, селолық Совет атқомінің мәжілістері мен сессияларда арнаулы мәселелер қарап, олардың колхозшылардың тілегіне сай жұмыс істеулеріне көмектесіп отырады. Мәселен, жуырда село еңбекшілері магазиннің жұмысындағы кемшіліктерді айтып, селолық Советке шағым берді. Біз депутат Сивинский жолдас арқылы, магазиннің жұмысына тексеру жүргізіп, атқом мәжілісінде арнаулы мәселе қарадық. Көзір селолық магазин өзінің жұмысын қайта құрып, еңбекшілердің тілегіне сай жүргізетін болды.

Көзір колхозды селода жаңа құрылыстар басталды. Біз құрылыс жұмыстарын ойдағыдай жүргізу үшін құрылысшылар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетеміз, құрылысқа бөлінген қаржы мен құрылыс материалдарының тиісті орнына, үнемі және дұрыс жұмсалуды қамтамасыз етеміз. Сөйтін, колхозды селоның мәдени бейнесін онан әрі жақсарту үшін барлық күш-мүмкіншілікті жұмсаймыз.

В. ГЛУШКО.

Булаев ауданы, Полтавка селолық Советінің председателі.

Ігі жұмыстар

Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін еліміздің түрлі қалаларынан біздің ауданға көптеген комсомол-жастар келді. Аудандық мәдениет бөлімі көктемгі дала жұмыстары кезінде егіншілер мен механикаторларды мәдениетті қамту жөнінде бірқатар шаралар белгілеп, ол шараларды жүзеге асырудың жолдарын қарастырды. Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін келген жастарды кітапмен қамтамасыз етіп отыру мақсатында ар-

Аудандық мәдениет үйі дала қостары мен трактор бригадаларында болып, егіншілер мен механикаторларды мәдениетті қамту үшін мәдени-үгіт бригадасын ұйымдастырды.

Ауданымыздағы мәдени-ағарту мекемелері еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні 1 Май мерекесін қызу әзірлікпен қарсы алды. Аудандық Мәдениет үйінде, ауыл-селолық клубтар мен оқу үйлерінде, кітапханаларда Май мерекесі-



Кисловодск. Көзір Кавказдың минералдық суларының курорттарында жылы, жайма-шуақ ауа райы басталды. Совет Одағының барлық аудандарынан демалуға келушілердің саны бұн сайын көбеюде. Көптеген емдеу орнындағы қысқы күні қайтадан жөнделіп, жабдықталған болатын.

СУРЕТТЕ: Кисловодскідегі тұтынышылар қоғамының Орталық Одағы сәтнаториінің бас корпусы.

Суретті түсірген **Б. Мясников.**
(СОТА-ның фотохроникасы).

16 миллиард дана кітап

Елімізде кітаптардың, газеттердің және журналдардың тиражы жылдан-жылға көбейіп келеді.

Бүкілодақтық кітап палатасының мәліметтеріне қарағанда, Совет өкметі тұсында ССРО-да 1.153 мың кітап жалпы тиражы 16 миллиард дана болып басылып шыққан. Тек өткен жылдың өзінде ғана 962,2 миллион кітап және кітапшалар басылып шығарылды. Мұның өзі 1913 жылғы шығарылғандардан 11 есе артық. Біздің елімізде жалпы тиражы 44 миллионнан аса 7 мың 800-ге жуық газет шығарылады.

Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармалары өткен жылы 60 миллионнан аса тиражбен шықты. В. И. Ленин шығармалары орыс тілінде екінші рет жүз мың тиражбен басылып шықты, И. В. Сталин шығармаларының 13 томы екінші рет орыс тілінде басылып шықты. Быйыл В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің шығармалары орыс тілінде үшінші рет қосымша жүз мың тиражбен шыға бастайды.

СОКП Орталық Комитетінің септәбір және февраль-март Пленумдарының материалдары миллиондаған данамен шығарылды. 8 айдың ішінде партия мен үкметтің қарарларының және Н. С. Хрущевтің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі баяндамаларының тектері елімізде 45 тілде 20 миллионнан аса дана кітапша етіліп шығарылды.

Педагогикалық оқу баспасы және басқа баспалар 1953 жылы бастауыш және орта мектептерге арнап 224 миллион

С О В Х О З Д И Р Е К Т О Р Ы

Күн жылынды, қар кетті. Мамлют темір жол линиясының өнбойы түсірілген жүк: трактор, сеялка, тырма, плуг, жанармай құятын цистерналар, стандартты үйлердің шелекпен беттестірген қабырғалары, есіктері мен терезе жақтаулары. Станция үйінің қарсысында оншақты адам паровозы ағытылған эшелонды запас жолға қойып, жөк сырмен болған, жазулары анық жаңа тракторларды бірінен соң бірін ашық платформалардан түсіріп алып жатыр. Техниканы тракторшылардың өздері түсірісіп майын құйып жүргізіп, МТС-тер мен совхоздардың әкспедицияларына әкелуде.

Станция линиясына жақын қатарынан тартылған көшелердің бойындағы үй қораларында тұрған тракторлар мен плугтер, культиваторларды көріп қуана-сың, бірақ, олардың әкетілмей жатқанын көріп қынжыласың. Біз жүк түсіріліп жатқан станция мен техника тұрған әкспедиция қораларын Докучаев совхозының жаңадан ғана белгіленген директоры Қаһарман Қанапимен бірге жүріп араладық. Қанапимен жас маман. Атматының ауылшаруашылық институтын бітіргеніне үшінші жыл. Ол әуелі Приешім қой совхозында бір жыл участоктің агроном болып, кейіннен Булаев ауданының Қарағанды совхозына бас агрономдыққа тағайындалған еді. Ол партия қатарына сол совхоз партия ұйымында өтті.

Тың және тыңайған жерлерді областа ең көп игеретін аудан — Октябрь, Октябрь ауданында көделері, топырағы мақпалдай қап-қара, қыртысына сода ұйнағы тимеген тың жерлер 200 мың гектардан асады. Бұл ауданда жаңадан ұйымдастырылып жатқан совхоздардың бірі — жер бедерін зерттеуші, атақты ғалым Докучаевтың есімімен аталады. Ол жерлерге отандық заводтар жасап шығарған техниканың күші мен адамдарымыздың қабілеттілігін пайдаланып, екі жылда он миллиондаған центнер астық өндіру міндетін партия мен үкмет облыс еңбекшілерінің алдына қойып отыр. Осы міндетті ойдағыдай жүзеге асыруға шақырылғандардың бірі — Қаһарман Қанапимен.

Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында жетіжылдық мектепті бітіріп, онан әрі оқый алмады. Әбесі көрі, өкі ағасы маңдаңда болды. Сондықтан үлкендермен бірге бала колхоз жұмысына араласты. Көктемде көдікпен тұқым тасыды, пішен кезінде тырнауышпен пішен жыйнады, колхозшылар егін орағына жұмылғанда Қаһарман комбайндардан астық қабылдап, ауылдағы колхоз қырманна колхоздың бригадаларына, колхозшылардың меншігіндегі тарантастарына бидай өлшеп артып, жөнелтісіп тұрды. Ол пысық, шапшаң, батыл, өзінде де, өзіне танысқан іске де орықты болды. Сонымен қатар, ол сынайы да еді. Менмендік, бойқұбездік, былаңыт сөйлеуілік, өзуге ышлым қыстығын алып, етістің қонышын ішіне қарай жымырғып, бөрікті шеккеге одырайта кило сыяқты, жастарымызға ұнамсыз мінездер онда жоқ еді. Қаһарман мектепте оқын жүріп

жатқан тракторлары тұрған жерге келдік. Күзетші тұратын кішкене балшық үй айнала қатар-қатар қойылған тракторлардың қоршауында қалыпты. Докучаев атындағы совхозға тиісті тракторлар да осы жерде екен.

Аяқтарына етік, үстеріне жылы шөп-пальто, бастарына құлақшын, фуражка киген жеті кісіні осы арада кездестірдік. Сақал, мұртын қырған орта бойлы, қырық бестер шамасындағы кісіге Қаһарман жымыйып сәлемдесуге қолын ұсынды.

— Сәләметсізбе? Сіз Петр Алексеевич Шостақ боларсыз.

— Дәл өзіммін. Ал, Сіз?...

Жаңа совхоздың директоры мен трактор бригадасының бригадирі өзара осылай танысты. Енді Шостақ жолдас директорды бригадасының адамдарымен таныстырды.

— Мынау жас жігіт — менің ұлым. Иван Шостақ, комсомол. Тракторшы болып та, комбайншы болып та істей алады. Анастасия Федоровна — әйелім, Кубаньдағы Ейскі совхозының асбасшысы. Ерал — зайыпты Гнездиловтар, Иван Жишкө. Булар да әрі тракторшының, әрі комбайншының мамандығын меңгергендер. Біздің Докучаев атындағы совхозға келген тракторларды осы жерде деп естідің. Соларды совхозымыздың жеріне тез жеткізесек, — деді Шостақ.

— Запас бөлшектерді әкелетін бір шана керек, — деді әкспедитор.

— Шана жоқ деп, машинаның бөлшектерін мұнда қалдырып кете алмаймыз. Совхоз станцияға екіжүз километрден де қашық деседі. Осы лайсанда жүру қиын. Жишкө, Иван Васильевич, — деді Шостақ бригадирдің көмекшісіне, — Дмитрий Гнездилов екеуіңіз таң атқанда бір трактор шанасын жаңадан істеміздер.

Екінші күн таң ертең Шостақ бригадасының жеті қазтаған тракторына біз алдырып, солға әзірлеп қойған үстіңіз келдік. Шана істеліп, оған машина бөлшектері, тракторшылардың киім-кешек бұмаларын таңып та қойған. Совхоз директоры разы. Шостақ пен оның көмекшілерінің еңбек сүйіптігіне қатты қуаныпты.

— Қандай тамаша адамдар жіберген бізге, ә! — деп жиі-жиі айтады ол.

— Докучаев атындағы совхоз екі жылда 21 мың гектар тың жер игерді. Быйыл, осы көктемде 10 мың гектар тың абырын, тұқым себуге тиісін. Мұны совхоз коллективі сөзсіз орындайды. Мемлекет 50 жаңа трактор беріп отыр. Сексен аттың күші бар — тоғыз трактор, елу төрт аттың күші бар — 42 трактор, үш жеңіл машина. «ГАЗ-69» бермекші. Кубаньдан — 71, Москвадан — 30 механикатор келді. Адамдар — тамаша, тек басқара білуіміз керек. Партия басшылығына, халық көмегіне арқа сүйейтін боламыз. Кемшілігімізді көрсетер, жақсы ісімізді қолдар. Әйтеуір тың жерді игеру — Отанның тапсырысы, партияның сенімі екенін терең түсінуіміз керек, — деді Қаһарман.

Күн өзінің алтын нұрымен әлемді сәулелендіріп, біртіндеп жоғары көтеріліп

сыяқты зиянды әдет жойылмай келеді.

Жергілікті Советтердің соңғы сайлауында депутаттыққа сайланбаған Гусельников деген Глубокое селолық Советі атқомінің секретары болып тағайындалды. Село еңбекшілері бұған қатты қынжылды. Гусельниковтың қылмысты істері жөнінде әңгіме болды. Бірақ, селолық Совет атқоміндегілер мен аудандық Совет атқоміндегілер еңбекшілердің дабылына құлақ аспады. Осыны пайдаланып Гусельников мемлекет қалтасына қол сұқты, жүздеген сом мемлекет қаржысын заңсыз алып, бас пайдасына жұмсады.

Мұндай фактілер Кустовое, Долматовка селолық Советтерінен де кездесті. Бұларда Лукина, Шеверин дегендер ұзақ уақыт секретарь болып қызмет істеп, халық сенімін ақтамады.

Соколов аудандық Советінің атқомі совет кадрларын іріктен алу, орналастыру және тәрбиелеуді жақсартуға тиіс.
С. ГАЛИЕВ.

тырылды. Сол сыяқты, мәдениет бөлімнің жерлерді игеруге келген жастар тұратын елді жерлерге үнемі кино көрсетіп тұру үшін жылжымалы кино бекітіп берілді.

Көзір, әсіресе, көктемгі егіс жұмыстары кезінде әрбір кітапхана, оқу үйі мен клуб қызметкерлерінің алдына зор міндет қойылып отыр. Аудандық кітапхана, Городецк селолық клубы, Белоглинка оқу үйі және басқа да бірқатар ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелері өздерінің алдында тұрған бүгін таңдағы жауапты міндеттерді орындау жөнінде қазірдің өзінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Аудандық кітапханада тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде плакаттар мен диаграммалар, тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде не оқу керек деген тақырыпта стилді жабықталды, ауыл-селолық кітапханалар үшін түрлі тақырыптарға арналып плакаттар дайындалды.

герлік листоктар шығарылды. Мәдени-ағарту мекемелері жанындағы көркем өнершілер егіншілерге қойып беру үшін пьесалар, концерттер түрлі ойын сауықтар дайындалды.

Ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің міндеті, — барлық мәдени-ағарту жұмыстарын ауыл-село еңбекшілерінің өскелең мәдени тілегіне сай дереу қайта құрып, көктемгі дала жұмыстарында жүрген егіншілер мен тың және тыңайған жерлерді игеруді механизаторларды мәдениетті қамтып отыру.

Ауданымыздың мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері бұл міндетті аброймен орындау үшін барлық күш-мүмкіншілікті жұмсайтындығы күмәнсіз.

В. КАСАТКИНА,

Октябрь аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі.

Ғылым халық шаруашылығына қызмет етеді

Мал шаруашылығында витаминдерді қолдану

Еліміздің ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүргізген көптеген эксперименттік жұмыстарының қорытындылары қоғамдық мал шаруашылығын алға бастырып, онан әрі өркендету үшін витаминдерді пайдаланудың өте маңызды екендігін айқын дәлелдеп отыр.

Үй малы мен құстың азығына витаминдерді қоса беру малдың қысыр қалуына, төлдің ауруға шалдығып өлуіне, инкубациялық жұмыртқа сапасының нашар болуына қарсы күресудің, мал мен құс организмінде витаминдердің жетіспеуі салдарынан болатын басқа да көптеген жетіспеушіліктермен күресудің сенімді құралы болып табылады. Біреыныра институттардың мәліметтері мен еңбекшілердің ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесі қыс кезінде мал жейтін жемшөпті витаминдермен толықтыру малдың өнімділігін едәуір арттыратындығын (малдың салмағы артады, төлдерінің тігі жақсартады т. б.) көрсетіп отыр.

Малды витаминдермен азықтандыру проблемасын шешуге көмектесетін негізгі және маңызды шарт витамині көп жемшөп өндіру болып табылады. Мұнда жемшөпте витамин сақтаудың негізгі әдісі — жемшөп сүрлеуді барынша өрістетуге ерекше назар аудару қажет.

«А» витамині алынатын алғашқы зат пішен мен сүр шөпте болатын каротин болып табылады. Балғын жемшөпті сүрлегенде каротин 50-ден 70 процентке дейін сақталады. Шөпті пішен үшін кептірген кезде, тіпті жемшөп пайдаланудың жақсартылған әдістерін (өңтүстікте дескелеп жерге жайып-көптіру және солтүстікте ілін кептіру, қолданған кезде де қышқылданушы ферменттердің әсерінен каротиннің 75 процентке дейінгісі бұзылып отырады. Пішенді онан әрі сақтағанда бұл бұзылу процесі сол күйінде жүре береді. Сөйтіп 6—7 айдан кейін — әдетте март айында пішендегі каротин мөлшері шөпте бұрын болғандағы мөлше-

рінің 10—12 процентінен артпайды. Мұндай пішен сыйыр малы мен қойға тіпті көп берілген күнде де, оның каротині малды «А» витаминінің жетіспеуінен ғана сақтайтын мөлшерде болады. Бірақ, мұнда малдың сүтінде «А» витамині жеткіліксіз болады, бұл жағдай төлдің өсуіне алғашқы екі айда қолайсыз әсерін тигізеді. Бұдан туатын қорытынды мынау: жемшөпті сүрлеуді арттырумен қатар мүмкін болатын жерлерде пішенді ондағы каротин 80—90 процентке дейін сақталатындай етіп қолдан келтіру қажет. Каротин көп кездесетін маңызды концентрат азықтардың бірі — мал азығындық қызыл сәбіз бен «витаминная» сортты асқабақ болып табылады.

Қыс кезінде азықта «Д» витаминінің жоқ болуы төлдің рахитпен ауруға шалдығуының негізгі себептерінің бірі екендігі мәлім. Бұл витаминнің бағасы өте арзан және оны витамин өнеркәсібі өте көп шығарады. Оның қолданылуы төлдің өмірге бейімділігін едәуір дәрежеде арттыратынын тәжірибелер көрсетіп отыр.

«Д» витамині жазғы уақытта күн сәулесінің әсерінен малдың терісінде пайда болады, сондықтан да мал қосымша «Д» витаминінің берілуін қажет етпейді. Ал, қыс уақытында малдың өсуі, ауруға шалдықтауы үшін «Д» витаминін беру өте қажет. Бұл витамин пішенде өте аз болады да өсіп жетілген және бордақыланып жүрген малдың қажетін ғана өтей алады, бірақ, сауын сыйырлар және бұзауларын айырмаған сауын сыйырлар үшін жеткіліксіз. Мұндай малға, төл мен құсқа «Д» витаминін үстеп беріп отыру өден қажет.

«В 12» витамині ерекше орын алады. Бұл витамин жемшөптің өсімдікте мүлде болмайды, бірақ, ол мал азығында (балықтың, ет-сүйек ұнында, сүт қалдықтарында) болады. Өсімдік тектес жемшөптерге малазығындық жемшөптерді қосса бұл онымен азықтанған малдың салма-

ғын едәуір арттыратынын көптен-ақ мәлім болды. Алғашқыда бұған толық күнде белоктардың берілетіндігі себеп болады деп түсіндіріліп келді. Мұндай жағдайда негізінен «В 12» витаминінің күшті әсер ететіні соңғы кезде ғана анықталды. Күс пен шошқаға берілетін мал азықта «В 12» витаминінің мөлшерін көбейтудің қаншалықты маңызды екенін түсіндіріп жату қиын емес. Күйсейтін мал бұл витаминнің қосымша берілуін қажет етпейді.

Біздің өнеркәсіп шығаратын витамин дәрілерінің мал шаруашылығы үшін зор маңызы бар. Жақсы дайындалған пішен немесе сүр шөп, қызыл сәбіз, басқа да витаминді жемшөптер өртүрлі себептермен жетіспеуінен шаруашылықтарда бұл дәрілерді қолдану ерекше зор пайда береді. Витамин дәрілері қала іргесіндегі шаруашылықтар, мал бордақыланып тұрған пункттер, құс фабрикалары, Өңтүстік Шығыстың және Орта Азияның қуаныштық аудандарында орналасқан шаруашылықтар үшін өте маңызды.

Витамин дәрілердің қолданылғаны қаншалықты пайдалы екенін мына мысалдар көрсетіп береді:

1950 жылы Москва іргесіндегі «Знамя Октября» совхозында 32.262 шошқа «А» және «Д» витаминдері беріліп бордақыланды. Мұндай малдың тәулік сайынғы қосқан салмағы орта есеппен 23 процент артты, қосқан салмақтың өлшеуін бірлігіне жұмсалатын жемшөп 15 процент кеміді, ал ет комбинатына тапсырылған майлы-ет ұшасының мөлшері 29,2-тен 66,8 процентке дейін артты. Қосқан бір килограмма салмаққа жұмсалған витаминнің күші небәрі 40 тыйын болды. Мұндай нәтижелер Воронеждағы Орталық биология станциясының шаруашылығында да алынды. Мұнда шошқаны азықтандығанда «А» және «Д» витаминдері үнемі беріліп отырылады. Бір ғана «Д» витаминінің қоса

данадан аса оқулықтар басып шығаруының өзі 1952 жылғыдан 24 процент артық. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтардың тиражы 41 процент артты.

Өткен жылы 223 миллионға жуық дана көркем әдебиет кітаптары (балалар әдебиетін қоса алғанда) баспадан шықты. СССР-де туысқан халықтары жазушылары шығармаларының тиражы 38,5 миллион данаға жетті.

Шетел жазушыларының басылып шыққан шығармаларының саны 24,5 миллион данаға дейін артты. 1953 жылы Францияның, Қытайдың, Германияның, Польшаның, Чехословакияның, Американың, Венгрияның, Англияның, Болгарияның, Кореяның, Албанияның, Бельгияның, Румынияның, Чилидің және басқа көптеген елдердің жазушыларының кітаптары басылып шықты.

(СОТА).

берілуі малдың салмағын 8—10 процент арттырады, ал «А» және «Д» витаминдерін қоса бергенде малдың мейлінше көп салмақ алатыны байқалады.

Өзбек ССР-інің қарақал шаруашылықты «Удус» совхозында жайылымның күнге күйін кетуді салдарынан организмде витамин қоры сарқылған күйін кезде 14.246 қойды азықтандыруда «А» және «Д» витаминдері қолданылды. Мұның нәтижесінде қозы өлімі 5—6 есе азайды, ал ересек қой өлімі витаминдер қолданылмаған отарлардағы қой өлімімен салыстырғанда 2—3 есе азайды. Витаминнің бағасы әр қойға небәрі 10 тыйыннан келді.

СССР Ғылым академиясының генетика институтының тәжірибелі күс фермасында тауыққа берілетін азық мөлшерін витаминдермен толықтыру тауықтардың жұмыртқалағыштығын 50 процент және балапандардың аман өсуін 96 процентке дейін арттырды. Озат құс фабрикаларының біреыныраларында («Братцево», «Томилино» және басқаларында) витаминдер қолдану берік дағдыға айналды.

«А» және «Д» витаминдерінің сыйыр малына берілуі де зор пайда береді. Атан айтқанда, Латвия ССР Ғылым академиясының қызметкерлері жемшөпке «А» және «Д» витаминдерін қосқан жағдайда сыйыр малының төлін толығынан сақтау ғана емес, сонымен қатар бұзауларды сауылған сүтпен азықтандыруға да мүмкін екендігін, мұнда сүттің мейлінше аз жұмсалатындығын (60—90 литр) дәлелдеді. Бұл әрбір бұзауды емізу кезінде үнемделген сүттен 12—14 килограмнан сарымай алуға мүмкіндік береді. Мұндай шараның жалпы пайдасы мынада: бір тонна «А» витамині мен 15 килограмм «Д» витамині миллиондаған бұзаудың аман өсетіндігіне кепіл бола алады және қосымша 12—14 мың тонна май алуға мүмкіндік береді. Мұнда бұзау азықтандығанда витаминдердің қолданылуы жоғары өнімді сыйырлар өсіруге мүмкіндік беретінін еске алу қажет.

СССР Ғылым академиясының мал шаруашылығында витаминдер қолдану проблемасымен шұғылданып биохимия институтының творчестволық коллективі

хоз жұмысына белесіне араласты.

—Келешекте осы Қаһарманнан бір орықты кісі шығады, —деп шын сенім аңыз ететін Преснов ауданындағы Абай атындағы колхоздың колхозшылары.

... Енді, міне, Қаһарман Қанафин институт бітіріп, жоғары білім алған, партия мен халық сенген —адал, іскер, сөзеттік маман, агроном, тың және тыңайған жерлерді игеретін совхоздың директоры.

—Біздің Докучаев атындағы совхозға Краснодар өлкесінен келген механизаторлар уақытша Қызылскер совхозына орналастырылған екен. Шостақтың бригадасын Мамлютке бүгін жеткізуді совхоз директорына өтініш етіп айттым. Жіберемін деп уәдесін еді, —деп келе жатты ол жолда.

Степной совхозының жаңадан келіп

коммунистік партияның ауыл шаруашылығын түбірімен өркендетудің өте маңызды міндетін алға қоюына байланысты, ғалымдардың еліміздің түрлі республикалары мен облыстарында жүргізген біреыныра зерттеулерін қорытты. Коллектив бұрынғыдан да көп зерттеуді және олардың нәтижелерін ауылшаруашылық практикасына неғұрлым тез енгізуді талап ететін бұл проблеманың халық шаруашылығы үшін орасан зор маңызы бар екенін дәлелдеді. Ғылыми қызметкерлердің ондаған мың малға жүргізген тәжірибелері тіпті малға берілетін азық мөлшерінің толық жеткілікті болған күннің өзінде де витаминдердің жетіспеуі кездесетініне ешқандай күмән қалдырмайды. Оның үстіне, малға берілетін азық мөлшерін витаминдермен толықтыру төлдің өлімін жоюға, бордақыланып малдың салмағын 15—25 процент арттыруға, құстардың жұмыртқалағыштығын 50 процентке дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Витамин дәрілерін қолдануды витамині мол шаруашылықтың жемшөптерді пайдаланумен ұштастыру малды витаминмен азықтандыру проблемасын шешудің неғұрлым тиімді жолы болып табылады. Бұл үшін балық өнеркәсібінің қалдықтарын неғұрлым толық пайдалану есебінен, сондай-ақ «А» витамині ерекше көп балықтардың жеке тұқымдарын арнаулы түрде аулау жолымен (минтай, акула жеке басқалары) «А» витаминінің өндірісін өркендетуге ерекше маңыз берілуі тиіс. Көзіркі уақытта толық құнды бөлөгі және «В 12» витамині бар мал азықтық балық ұнын жасау — шикізат мүмкіншіліктеріне анағұрлым сай емес. Мұнда да қалдықтар және балықты арнаулы түрде аулау әдістері толығынан пайдаланылуы тиіс.

Мал мен құсқа арнап витамин дәрілерін және арнаулы витаминді жемшөптер шығару —ССРО Азық-түлік товарлары өнеркәсіп министрлігінің алдында тұрған жауапты міндет. Оның шешілуі қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету ісіне елеулі көмек береді.

В. БУКИН,

Профессор, биология ғылымының докторы.

мен қиялдар бұмасын, маталар төңірегін артқан машиналар доғалақтарымен шалшық суларды жан-жаққа шашыратын, темір жол бойына алыс аудандарға күні-түні жетіп жатыр.

Тың мен тыңайған жерге шабуыл жасауға халықты жайлап атқандыған партияның шақыруын қолдағандық, оны жүзеге асыруға жұмылғандық әрбір адамның қаймылынан айқын көрінеді.

Партияның шақыруы тудырған өрлеу Шостақ пен оның бригадасы мүшелеріне бұрын адам мекендемеген далаға салынатын совхоз поселкесін, қырдандарға тау-тау болып үйілген астықты бейнелей тұрғандай. Моторлары гүрілдеген тракторлар жүруге дайын. Шостақ май болған қолын жемішке сүртті де:

— Біз енді совхозымызға жүріп жетейік, —деді Қанафинге қарап.

— Совхозымыздың орнына әлі қанда да шапшылған жоқ, ал, сіз ылғый совхозымызға барайық, совхозымызға алып кетейік дейсіз, —деді әкесидің.

— Сіз бір тартипке адам екенсіз. Осы Мамлюттың орнына да қада шапшылмай уақыт болған. Енді көріңіз: механикалық завод, үш он жылдық мектебі, үлкен элеваторы, асханасы, магазиндері мен мекемелері бар станция көрінеді ғой. Біз совет елінің адамдарымыз, сондықтан совхоз поселкесін де саламыз, мыңдаған бақтар тың қонарғын, жайқалған егін де өсіреміз, —деді Шостақ.

— Ісіңіздің сәтті болуын тілейміз, —деп, тұрғандар бірінен соң бірі Шостақтың қолын қысты.

— Іске сәт, Петр Алексеевич, —деді совхоз директоры да.

Ж. МУЗАПАРОВ.

Бастауыш ұйымның жыйналысы

Булаев ауданындағы Еңбекшіқазақ жергілікті мектебінде Ленин атындағы колхоздың фельдшері С. Смирнов жолдастың инициативасы бойынша Қызыл Крест қоғамы бастауыш ұйымының жыйналысы өткізілді.

Смирнов жолдас «ГСО» және «БГТО» значкистерін даярлау жөнінде қоғам мүшелерімен 30 рет сабақ өткізді. Оқушылардың жеке гигиенасы, жұқпалы аурулар туралы лекциялар мен әңгімелер өткізілді. Оқушылардың дайындығына байқау жүргізілгеннен кейін 30 оқушыға значек тапсырылды.

Жыйналыс бастауыш ұйымының 1953 жыл ішінде істеген жұмысын қанағаттанарлық деп тапты және ұйымның жаңа құрамын сайлады.


А. ЗАҒЫПАРОВ.

ҚЫЗЫҚТЫ ЛЕКЦИЯ

Жуырда Соколов аудандық партия комитетінің нұсқаушысы М. Гришко жолдас ата-аналар үшін «Балаларды шыншыл және адал болуға тәрбиелеу» деген тақырыпта лекция оқыды. Гришко жолдас баланы семьяда қалай тәрбиелеу керек, оларды шыншыл және адал болуға қалай үйрету керек екендігін айқын және нақтылы фактілермен дәлелдеп айтып берді.

КОРЕЙ МӘСЕЛЕСІ

В. М. МОЛОТОВТЫҢ сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінде 1954 жылғы 29 апрельде жасаған мәлімдемесі



Бірінші жартыжылдықтың жоспарын орындаудағы социалистік жарыста Петропавл паровоз депосының токарі М. Лапин алдыңғы қатарда келеді. Ол сменалық тапсырысты 2—2,5 еседен орындап, ақаусыз өнім беруді қамтамасыз етіп келеді.
СУРЕТТЕ: Бағалаушы Т. Бузереваның токарь М. Лапин жолдастың жұмысын тексеріп тұрған кезі.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

Еңбекшілердің қажеттері тыңғылықты өтелсін

Ауыл-селодағы сауда нашар ұйымдастырылған

Ауыл-село еңбекшілерінің қажетін өтеу ісінде Соколов ауданының тұтынушылар кооперациясының жүйесінде ірі-ірі кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктер жергілікті жерде жиі айтылады, ол кемшіліктер облыстық тұтынушылар одағының басшыларына да мәлім. Бірақ, ауыл-село еңбекшілерінің күн санап өсіп отырған тұтыну талаптарын қанағаттандыру, азық-түлік және өнеркәсіп товарларын селолық жерлерге тез жеткізу ісінде елеулі өзгерістер әлі болған жоқ.

Мұны ауданның Соколов, Налобин сияқты селолық тұтынушылар қоғамдарындағы товар айналымының жайынан да көруге болады. Аудан орталығындағы Соколов селолық тұтынушылар қоғамы товар айналымының жоспарын 1953 жылы 93 процент, ал, үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында 84,1 процент ғана орындады. Сол сияқты, Налобин селолық тұтынушылар қоғамында да товар айналымы жоспарының орындалуы қанағаттанғысыз.

Ауданда 1953 жылы товар айналымының жоспарын 22 магазиннің орындамағандығы еңбекшілердің азық-түлік және өнеркәсіп товарлары жөніндегі мұқтаждық өтеудің әлі де нашар ұйымдастырылып отырғандығын көрсетеді. Өткен жылда бөлінген қордан 14,4 тонна балық, 3,4 тонна май алынбай облыстық тұтынушылар қоғамының қоймаларында қалып қойды. Еңбекшілер тілегін қанағаттандырмайтындықтан кейбір магазиндерде көптен бері өтпей тұрған товарлар жыйналып, едәуір соманы ұстауда.

Бір баса көрсететін кемшілік: облыстық тұтынушылар одағы товарларды жергілікті жерлерге жеткізу жөнінде ау-

ларға нарядты кешігіп алады. Бұл жағдай товарлардың уақытында келіп түсуіне, әсіресе, қант, кондитер тағамдары, тұз, керосин сияқты халыққа бірінші қажетті товарлардың үздіксіз әкелінуіне бөгет жасайды.

Сауда орындарының кейбір дүкендерінде 1946—1947 жылдары әкелініп, бірақ осы уақытқа дейін өтпей жатқан товарлар бар және олардың саны көбейіп, көптеген қаражатты ұстап, товар айналымы жоспарының орындалуына бөгет жасап отыр.

Товар айналымын жан-жақты дамыта берудің негізгі шарттарының бірі—сауда орындарын жаңа техникамен жабдықтау, тұтынушыларды қамту ісін үнемі жақсарту. Бұл жөнінен де Соколов ауданының сауда орындарының жұмысында ірі-ірі кемшіліктер бар. Тасымал құрал-жабдықтары жеткіліксіз, ауданның бірде-бір магазинінде тоназдықшытар жоқ, магазиндер автоматтық таразыларсыз жұмыс істейді. Ал, бұл төзуге болмайтын және оларды жоюға толық мүмкіншілік бар кемшіліктер.

Анығын айту керек: Писеуков жолда басқарып отырған облыстық тұтынушылар одағының жұмысында жанды басшылық—жергілікті жердегі істің егжей-тегжейіне дейін білу, адамдарымыздың тұтыну талаптарын еске алу, зерттеу, аудандық тұтынушылар одақтарының жұмысын әрдайым бақылау, тексеру, жасалынған жоспардың орындалуы үшін күрес әлі орын алмай келеді. Оның есесіне қағазбастылық, найқалушылық, көз жұмып, қара дүрсін болжалмен жұмыс істеу басым. Мұндай орын теккен кем-

Председатель мырза, делегат мырзалар! Женевадағы осы кеңесте екі мәселені қарау ұйғарылды: біріншіден, корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу және, екіншіден, Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе.

Женева кеңесі Азия мәселелеріне арналып отыр деп айтуға болады. Корей мәселесі де, сол сияқты Индо-Қытай мәселесі де Азияның неғұрлым маңызды мәселелерінің қатарына жатады.

Осыған байланысты бұл кеңеске Азияның азғана елдерінің қатысып отырғанына көңіл бөлмеуге болмайды. Индия, Индонезия, Бирма, Пәкістан және басқалары сияқты бірқатар азиялық мемлекеттердің біздің кеңесімізге қатысуына жағдайынан болып отырған сыяқты біз сезбей қоя алмаймыз, ал бұл елдердің қатысуы істің мүдделері тұрғысынан алғанда өте бағалы болар еді.

Мұнымен бірге, мына фактіні де жете бағаламауға болмас еді: осы кеңеске соңғы жылдарда тұңғыш рет барлық ұлы державалар: Франция, Великобритания, Америка Құрама Штаттары, Қытай Халық Республикасы, Совет Одағы қатысып отыр. Осыған байланысты Азияның ұлы державасы — Қытай Халық Республикасы біздің кеңесіміздің жұмысына Азиядағы жағдайдың жоғарыда аталған аса маңызды мәселелері жөнінен өзінің үлесін қоса алатынын ерекше атап көрсету қажет.

Кеңес өзінің жұмысын оның көзіргі құрамында Кореяға қатысы бар мәселелерден бастайды.

Біздің алдымызға бейбітшілік жолмен біртұтас және тәуелсіз Кореяны құру міндеті қойылып отыр. Бұл міндетті шешудің көреі халқы үшін бірінші дәрежелі маңызы бар, сонымен бірге, ол халықаралық шиеленісті бөсеңдетудің маңызды факторы болар еді.

Әрине, корей мәселесін шешу — ең алдымен, корейліктердің өздерінің ісі, корей халқының өз ісі. Басқа елдер корей халқына таңдан ешқандай шешім корей халқын қанағаттандыра алмайды, корей проблемасын баянды түрде реттеуге қызмет ете алмайды.

Кореяның тарихымен, әсіресе, корей халқының өзінің тәуелсіздігі жолындағы күресінің тарихымен санаспауға болмайды.

Жұртшылыққа мәлім, осы ғасырдың бас кезінде жапон империализмі кейбір басқа мемлекеттердің қолдауымен Кореяны әуелі өзінің протектораты етті, ал одан соң Кореяны басып алып, Корей жартыаралында толық қолға алып алды. Мұндай агрессиялық империалистік саясат корей халқы тарапынан тойтарыс беруді туғызбай қойған жоқ. Корей халқының өзінші тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы күресі қиын болды және құрбандықтарды талап етті. Бұл күрес көп жылдарға созылды. Ал біздің көзгігі мақсатымыз — агрессиялық саясат өзі-

корей халқына көмектесу болып табылады. Корей халқының бейбіт құралдар арқылы біртұтас, тәуелсіз демократиялық мемлекетті құрудың жолын табуына біз барлық күшімізді жұмсауға тиістіміз. Халықаралық қатынастардағы шиеленісті бөсеңдетуге және жаппай бейбітшілікті нығайтуға ұмтылатын барлық мемлекеттер корей мәселесінің бейбітшілікпен реттелуіне жетуге мүдделі. Екінші жағынан, Біріккен Ұлттар Ұйымы, оған кейбір мемлекеттер тарапынан қысым жасалғандықтан біржақты позиция ұстап, корей мәселесін реттеуде қабілетсіздік көрсеткендігімен есептесуге болмайды. Соңғы төрт жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымында мысалы, Солтүстік Корея өкілдерінің тіпті бірде-бір рет тыңдалмағанын айтақ та жеткілікті. Ал, осында АҚШ-тың өкілі тағы да қайталанған корей оқиғаларының жалған тарихына келетін болсақ, оны Біріккен Ұлттар Ұйымында Совет Одағының өкілдері талай рет жоққа шығарып әшкерелеген болатын.

Корей мәселесін қарағанда біз соңғы кезеңде, әсіресе дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Азия елдерінің саяси дамуында болған түбірлі өзгерістермен санаспай отыра алмаймыз.

Жұртшылыққа мәлім, көптеген жылдар бойына, кейбір жағдайларда бірнеше ғасырлар бойына Азия елдерінде басқа, азиялық емес мемлекеттер қолжаулық етті, ал бұл елдердің халықтары өзінің тағдырын өзі билеу мүмкіншілігінен айырылып келді. Мұндай жағдай кейбір мемлекеттер тарапынан басқыншылық, империалистік саясат жүргізілуінің нәтижесі болды. Бірақ, бұл саясат енді өзінің беделінен айрылды. Көзір ескі отарлау саясатын жүргізу әрекеті барған сайын күйреп келеді. Женева кеңесінде корей мәселесін қарағанда да, сол сияқты, Индо-Қытай мәселесін қарағанда да бұл жағдаймен санасу керек.

Азия елдерінің халықтары өзінің тәуелсіздігі жолындағы, шетелдік үстемдікпен өзінің бостандығын алу жолындағы күресте елеулі табыстарға жетті. Көзіргі уақытта мұнымен санаспауға енді болмайды.

Жер шарының халқы, шамамен алғанда, 2 миллиард 400 миллион адам болады. Жер шарындағы халықтың жартысынан астамы Азия территориясында тұрады. Алайда, тіпті XX ғасырдың басында Азия халықтарының басым көпшілігі немесе отар жағдайында, немесе жартылай отар және тәуелді елдер жағдайында болып келді.

Содан бері Азияда түбірлі өзгерістер болды.

Бұл жөнінде 1917 жылы Россияда социалистік революция жасалғаннан бастап, паризмнің империалистік саясатының біржолата қол үзіп, басқа елдермен өзінді қатынастарын олардың ұлттық бостандығы мен тәуелсіздігі жөніндегі

ғанын ендігі жерде ешкім де бекер дей алмайды. Индонезия, Бирма және басқа елдер сияқты мемлекеттердің маңызы үнемі артып келеді. Бірақ бұдан осы мемлекеттердің шын мәнісіндегі тәуелсіздігін орнату ісі оң-оңай, ешбір күрессіз және кейбір мемлекеттермен қарым-қатынаста үлкенді-кішілі шиеленіссіз жүріп жатыр деген ұғым тұмайды. Дегенмен де, жоғарыда айтылған сөздер Азияда шындықта да аса зор тарихи өзгерістер болғандығын көрсетеді. Азия мемлекеттеріне қатысы бар шұғыл мәселенің қандайын болса да қараған кезде бұл фактімен санаспауға болмайды.

Халықаралық істерде ерекше орын алып отырған Қытай туралы мәселеге тоқталу өту қажет.

Егер мен Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасында берік достық қатынастар орнағанын айтатын болсам, бұл менің жаңалық аңқаным емес. Біздің басқа да көптеген елдер Қытай Халық Республикасымен қазірдің өзінде саяси және экономикалық қатынастар орнатып отыр. Англия сияқты елдің Қытай Халық Республикасымен өз қатынастарын дамытуға зор маңыз беріп отырғаны жұртқа мәлім. Бірқатар басқа мемлекеттердің ҚХР-мен бірқалыпты қатынастар орнатпаған себебі тек сол, бұған сырттан барынша кедергі жасалып отыр, міне, бұл жағдай да жұртқа мәлім.

Ал Америка Құрама Штаттарына келетін болсақ, бұл елдің үкіметі тарапынан Қытай Халық Республикасы жөнінде ашықтан-ашық агрессиялық бағыт ұсталып отыр. АҚШ тарапынан болып отырған осы агрессиялық бағыт, сонымен бірге, көзіргі Азия істерінің бүкіл жайына да әсерін тигізіп келеді.

Қытай Халық Республикасы тарапынан Америка Құрама Штаттарына қарсы ешқандай агрессиялық әрекеттер жасалмағанын жұрттың бәрі біледі. Егер АҚШ-тың Қытай Халық Республикасы жөніндегі саясаты туралы айтатын болсақ, онда іетін жайы мүлде басқаша болып отыр.

Қытай халқының мүдделерін тіпті де ойламай, тек шетелдік капиталдың қарнайым малайы болған Чан Кай-шидің банкрот тобын қытай халқы өз территориясынан қуып шығып, Қытай Халық Республикасы құрылған кезден бері қытайға қарсы агрессия әрекеті үсті-үстіне жүргізілуде. Бұл үшін басты жауапкершілік Америка Құрама Штаттарының үстем топтарына жүкеледі.

Олар Тайвань аралын басып алып, чанкайшілік топтың құйыршықтарын осы аралдың қожасы етіп қойды. Олар төзуге болмайтын айла-тәсілдердің бәрін қолданып, Қытай Халық Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды орнын алуына бөгет болып келеді. Ол ма, бұлар Қытаймен сауда жасасуға амбарго жариялау (шый салу) туралы қарарды Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдаты. Олар Жапонияның қарулы күште-

бүкіл барысына қайшы келеді және көзіргі жағдайда Азияның шұғыл проблемаларын халықтардың бостандығы мен ұлттық праволары принциптеріне сәйкес реттеу жолындағы басты кедергі болып табылады.

АҚШ мемлекеттік секретарының Азиядағы істердің жайы туралы мәселе жөніндегі соңғы сөзі кейбір топтарда дәурені өткен ескіге жармасудың әлі де қандай күшті екенін, империализмнің ескі, дәурені өткен отарлық саясатына жармасудың кейбір жерде әлі де күшті екенін дәлелдейді.

16 апрельде американ газеттерінде АҚШ мемлекеттік секретарының мәлімдемесі жарияланды, бұл мәлімдемедің жұртқа мәлім, қытай халқының өз еркімен жүзеге асырылған Қытай Халық Республикасының құрылуы «континенталдық Қытайдан айрылғандық» болып табылатын: «үзкен апат» деп қаралған. Бұл мәлімдемеді және былай дәлінген: «егер бұл апатқа Оңтүстік-Шығыс Азия мен Тынық мұхит аралдарындағы миллиондаған адамдардан, орасан зор экономикалық ресурстар мен стратегиялық позициялардан айрылу қосылатын болса, бұл апат еселен арта түседі».

Американ кайраткерінің жоғарыда келтірілген мәлімдемесінде Қытайдың, Оңтүстік-Шығыс Азияның және Тынық мұхит аралдарының халықтарының ұлттық мүдделері мен праволары туралы бірауыз да сөз айтылмаған. Ал мұның орнына осы мәлімдемеді ұлы қытай халқының және Азияның басқа халықтарының өскі отарлық, жартылай отарлық тұрмыстан және, еркін тұрмысқа, жаңа демократиялық құрылысқа көшуіне барлық амалдармен қарсы шығуға тырысқан әрекет айқын білдірілген. Қытайдағы түбірлі өзгерістер бұл мәлімдемеді «айрылып қалғандық» деп қаралған, ал шындықта Қытайды ешкім ешқандай да иемденген емес және оның қандай да болса шетелдік мемлекеттің меншігінде болғысы келмеген болатын. «Континенталдық Қытайдан айрылу» жайындағы сандырақтың империализмнің заманы өткен отарлық саясатына жармасқан әрекетті көрсетіп отырғандығы және халықтардың бостандығы мен ұлттық праволарының принциптерін мойындаумен оның ешқандай қатысы жоқ екендігі айқын. Солай бола тұрса да, АҚШ өкілі осында коммунизм және бостандық принциптері жайында өзінің түкке тұрмайтын өсиеттерін айтуды мүмкін деп санады.

Женева кеңесі Азияның көзіргі кезеңде ең маңызды деп танылған проблемаларымен жан-жақты танысуға мүмкіндік береді. Осында біздің әртүрлі пікірлерді тыңдап, өзара пікір алдыру нәтижесінде алдымызға қойылған мәселелердің мүдделі халықтардың талаптарына, сонымен бірге, прогресс және бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетіндей шешімдер табылуына мүмкіндік бар.

есепке алмайды. Мәселен, олар Соколов ауданының қалаға жақын аудан екенін біледі, бірақ оның қолхоздарының аудан орталығынан, қаладан алыс екенін, жолдың нашар, ал, қысқы күндері оны қар басып қалып, қатынаудың қиын екенін есепке алмайды.

Товар айналымының жоспары үстірт, оның өзі де кемігіп жасалады, сондықтан аудандық тұтынушылар одағы товар-

тын уақыт жетті, сөйтіп, ауыл-село еңбекшілерінің өскелең тілек-талаптарын мүлтіксіз орындау үшін тұтынушылар кооперациясының жұмысын мейлінше жақсарту, оған партия, совет ұйымдарының басшылығын күшейту керек.

Ғ. САЛЫҚОВ,

Соколов аудандық финанс бөлімінің меңгерушісі.

Бүгінгі талаптан қалып қойған комбинат

Жергілікті өндіріс комбинаттарының жұмысын жақсартып, көпшілік тұтынатын товарларды мол, сапалы етіп шығаруға, сөйтіп, тұтынушылардың өскелең тілектеріне сай жұмыс істеуге міндетті. Бірақ, Октябрь аудандық өндіріс комбинатының жұмысы бұл тілекке сай ұйымдастырылмаған.

Комбинат директоры Ковтюх жолдас соңғы жылдарда комбинатта бірнеше цех ұйымдастырылғанын мақтаныш ете сөйлейді. Бірақ, сол цехтардың бірде-бірі ойдағыдай жұмыс істемейді. Оның басты себебі цехтарда еңбек өнімділігін арттыруға жағдай жасалмаған. Мәселен, етік тігу цехының үйі өте тар. Етікшілердің жұмыс істеп отырған жерінде тазалық жоқ, іші лас, қабырғалары ағартылмаған.

Балташылар қысқы күндері цех үйінің суық болғандығынан жұмысты мүлдем тоқтатты. Сол сияқты, ақ дайындау, жіріш өндіру цехтары мен балықшылар бригадасы да бірнеше айдан бері ешқандай өнім бермей отыр. Міне, сондықтан да комбинат өткен тоқсанда өнім шығару жоспарын небары 46 процент ғана орындады. Ал, өндіріс комбинатының өнімді жұмыс істеуі қазір өте қажет. Өйткені, үстіміздегі жылы ауданда жаңадан ұйымдастырылған жеті совхозда жаңа үлгі бойынша үш үлкен астық қоймасы, МТС-терге партияның шақыруы бойынша келген адамдарға тұрғын үйлер

салынуы керек. Алайда, комбинаттың көзіргі жұмысы бұл міндеттерді орындау талаптарына сай емес.

Комбинат директоры Ковтюхтың басшылық етудегі дәрменсіздігінен көптеген қуатты жабдықтар: 35 аттың күші бар двигателі, май айыратын машина, шпича басатын, тақтай тілетін машиналар бірнеше жылдан бері пайдаланылмай тұр.

— Біздің комбинат техникамен жақсы жабдықталған, — дейді кіріш басу цехының жұмысшысы Сорокина жолдас, — сондықтан жұмысты жақсартуға әбден болады. Бірақ, комбинат директоры Ковтюх және партия ұйымының секретары Камкова жолдастар қолда бар мүмкіншіліктерді пайдалана білмей отыр.

Ковтюх жолдас өндірістік программаны өзі басқарып отырған комбинаттың орындамайтындығын сөз еткенде:

— Мен өзім қартайдым, әрі аурумын. Осы қызметтен босат деп аудандық партия комитеті мен Совет атқоміне талай рет арыз беріп едім, босатпай қойды, — деп жұмысқа ынтасыз екенін мойындайды.

Ал, ауданның партия, совет ұйымдары басшыларының комбинат жұмысына назар аудармайтындығы комбинаттың өндірістік программаны үнемі орындамай келе жатқандығынан айқын көрінеді.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,

МАРЬЕВКА, (өз тілшіміз).

ДӘРМЕНСІЗ БАСШЫ

Полудень аудандық тұтынушылар одағының председатели Е. Петренко жолдас: Тоқсанын совхозындағы жұмысшылар кооперациясын жаман істейді деп айтыпты. Ал, кооперацияның сауда орындарында болып, жұмыстың жайымен таныса бастасаңыз, іс мүлдем басқана.

Мәселен, фермадағы дүкеннің сатушысы Никулина еңбекшілердің тілегіне сай жұмыс істемейді. Көпшілік түссе дүкенді ашады, көңілі түспесе, біреу ескертпесе, дүкен жабық тұра береді және дүкенді жауып қоянына келтіретін сылтауларын көп. Бір километр жердегі совхоз орталығындағы қоймаға кетсе 5—6 сағат жүреді. Ферманың кеңсесінде отырады, үйіне кіреді, айтуейір бос жүріспен, сөзбен уақытты өткізеді. Фермада тұратын совхоз адамдары Никулиның қайда кеткенін бірінен-бірі сұрап жүргенін жиі көресің. Дүкенде қажетті товарлар болмайды, оны сатушы есепке алып,

жұмысшылар кооперациясы басшыларының есіне саламайды.

№ 3 ферманың малы бірнеше елді пункттерге орналастырылған. Булардың бәрінде бірдей дүкен жоқ. Осының салдарынан жұмысшылар көршілес Ивановка селосына барады. Фермадағы дүкендердің қайсысында болса да бірінші қажетті товарлар сирек болады. Ал, бар товарлар қалай болса солай жатады.

Мұнда товарларға артық баға қойып сату, бағалы заттарды тамыр-таныстарына жасырып сату № 1 ферманың сатушысы Никулинадан талай рет кездесті. Ал, жұмысшылар кооперациясының орталық дүкеніндегі сатушылар Фоменко, Шаранин товарларға бірнеше рет үстеме баға қойып сатқан. Мұнда совет саудасының тәртіптерін өрескел бұрмаушылықтар жұмысшылар кооперациясының председатели Приходько жолдасқа көштен мәлім. Бірақ, ол осыларды білетұра ешбір шара қолданбай отыр.

Б. ЖАҚЫПОВ.

нің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғаушы халықтардың батыл қарсылық көрсетуіне кездеспей қоймайды.

Жұртшылықтың бәріне мәлім, жапон империалистері Кореяны басып алып, Корея жартыаралының территориясын Қытайға қарсы, қытай халқына қарсы жүргенсіз агрессия үшін негізгі плацдармға айналдырды. Олар өзінің үстемдігін бүкіл Қытайға және бүкіл Оңтүстік-Шығыс Азияға таратуға тырысты. Бұл үшін олар гитлершіл Германиямен одақтасты, «Антикоммунистік пакт» деп аталатынды жасасты, сөйтіп, «коммунизмге қарсы күрес» деген желеумен герман империализмімен бірлесіп дүние жүзін бөлудің жоспарларын құрды.

Мұның немен аяқталғаны жұрттың бәріннің есінде. Жапон милитаристері 1945 жылдың күзінде жеңіліске ұшырап, аұл-талқаны шығарылып, қуылды. Корея жапон милитаристерінің тәпсісіне азат болу және жаңа, еркін, тәуелсіз тұрмыс құру мүмкіндігін алды.

Жапон оккупациясынан азат етілісімен-ақ, соғыстық сыйпаты бар жағдайлардың нәтижесінде Корея екіге — Солтүстік және Оңтүстік Кореяға бөлінген болып шықты, корей халқының алдына Кореяның бірлігін қалпына келтіріп, біртұтас және тәуелсіз демократиялық Корея мемлекетін құру міндеті қойылды. Бұл міндет дүниежүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейінгі алғашқы жылдардың ішінде орындалмады. Солтүстік Кореяның территориясында құрылған Корея Халық-Демократиялық Республикасы бұл жылдардың ішінде помещиктер мен жапон империализмінің бұрынғы итаршыларының жерлерін шаруаларға беруді қоса есептегенде бірсыпыра ірі-ірі демократиялық реформаларды жүргізіп үлгерді.

Корей халқының мүдделері үшін жүргізілген бұл жемісті істі сырттан таңыған соғыс және Америка Құрама Штаттары тарапынан болған қатал соғыс интервенциясы үзді, бұл соғыс үш жылға созылып, БҰҰ-ның жалауы астында жүзеге асырылып келді. 1953 жылдың қазында Кореяда уақытша бітім жасалғаннан кейін Кореяның бірлігін қалпына келтіру туралы және демократиялық негіздерде біртұтас корей мемлекетін құру туралы мәселе қайтадан қойылып отыр. Женева кеңесінің аса маңызды міндеті Кореяның бірлігін қалпына келтіру ісінде

принциптерінде орнатқан Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылғаннан бастап шешуші қадам жасалды. Бұл жаңа жағдай өзінің ұлттық бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қасырлар бойы күрес жүргізуге тура келген халықтардың рухын күшейтуге көмектеспей қойған жоқ.

Мысалы, Азия елдерінде болған тарихи өзгерістерді түсінуге қабілетсіз ескі көзқарастағы адамдарда, бұл оқиғалар кейде мүлдем бұрмаланып көрсетіледі. Олар барлық жерден «коммунистердің тіміскіленуі», «Кремльдің агенттерін», тағы басқаларын іздеуге әзір. Бұл адамдар есілген халықтардың бостандық және ұлттық дербестілік жолындағы қозғалысының қандайын болса да коммунизмге таңады. Олар әртүрлі көзқарас пен сенімдегі адамдардың ұлттық бостандық пен тәуелсіздік жолындағы жанкыярлық күресінің шын себептері халықтардың шетелдік тәуелділіктен, отарлық кіріп-тарлықтан құтылуға әлдеқашан ұмтылған талаптары болып табылатындығымен санаспай, тіпті коммунистердің ешбір қатысы жоқ реттерде де амалсыздан коммунистердің беделін көтеріп отыр. Ал егер совет адамдарының көзқарасы мен сенімдері туралы айтатын болсақ, біз халықтардың, соның ішінде Азия халықтарының да ұлттық-азаттық қозғалысына деген сүйіспеншілік және жалыңды тілектестік сезімдерімізді жасырмаймыз.

Азияда болған түбірлі саяси өзгерістер, ең алдымен, халқының саны 500 миллионнан асатын Қытайда мейлінше айқын көрінді. Қытай Халық Республикасы құрылып, мұнда халықтық-демократиялық құрылыстың берік негіздері қаланғаннан кейінгі жерде бұл фактімен санаспау қыйысыз болар еді. Қытайдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер барлық жұрттың көз алдында болып отыр, сондықтан да мұнымен санаспау — тарихи маңызы бар аса зор оқиғалармен санаспау деген сөз.

Бұдан соң 300 миллионнан аса халқы бар Индия сияқты елдің де тарихи аренаға шығып отырғанын кім бекер дей алады. Индия тіпті тауадағы уақытқа дейін отар жағдайында болып келген болатын. Бірақ қазір өзінің ұлттық тәуелсіздігін қорғап, халықаралық істерде өзінің маңызды орнын алуға ұмтылып отырған мемлекеттер арасында Индияның барған сайын көрнекті орын алып отыр-

ын қалпына келтіруді әзірлеуде, сөйтіп Қытайға хауіп төндіруде. Олар Қытайды Кореяда агрессия жасалды-мыс деп айыптады, ал шындығында қытай еркіндігін Корея Халық-Демократиялық Республикасы жағында соғысқа қатысуы ұлттық бостандығы үшін күресіп жатқан корей халқына мүлде заңды достық сезімдерінен ғана туған жоқ, сонымен бірге агрессияшыл шетелдік әскерлер шекарасына жақындап келген Қытайдың өзінің хауіпсіздік мүдделерінен де туды. Қытай Халық Республикасына қарсы агрессияны ашықтан-ашық әзірлеп, оның шекараларына Тайваньдан және Корея түбегінен шабуыл жасаймыз деп үнемі қорқытып, Қытай территориясына таяу жерлерде, Тынық мұхит аралдарында және Пакистанда үсті-үстіне жаңа соғыс базалары жасап, АҚШ билеуші топтары АҚШ агрессор емес, қайта Қытай агрессор болып отыр-мыс деп істің жайын бұрмалап көрсетуде.

Соңғы уақытта Индо-Қытайдағы қолжаулық тәртіптерді қорғау деген сылтаумен Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс одағын құру жоспарлары жасалады, ал шындығында өзін-өзі қадірлейтін Азияның бірде-бір мемлекетінің осы соғыс одағына қатысатын ниеті жоқ. Отаршыл державалардың Азияның белгілі бір халықтарын Азияның басқа халықтарына қарсы пайдалануды көздеген ниеттері бұл жоспарлардан тағы да айқын көрініп отыр.

Демократияның ілгері дамып, өркендеуінің көзіргі заманына сай келетін демократиялық жаңа негіздерде, Азия елдері, ең алдымен Қытайды ұлттық және әлеуметтік жағынан қайта тудырудың бастамасы болып табылатын аса зор оқиғалар болып отырған уақытта, АҚШ-тың белгілі топтары ескіге жармасып, отарлық және жартылай отарлық тәртіпті сақтап қалуға тырысуда. Алайда, Азия халықтарының дамуындағы тарихи өзгерістермен санасқысы келмейтіндік көзіргі уақытта да Азиядағы реакцияшыл топтар мен отарлық тәртіптерді сақтауды өздерінің міндеті деп санап отырған мемлекеттердің саясатын ақтай алмайды. АҚШ-тың Қытай Халық Республикасы жөніндегі дұшпандық саясаты Азияның шұғыл проблемаларын шешуге өте қолайсыз әсерін тигізіп отыр. Бұл агрессиялық саясаттың ешқандай перспективасы жоқ, өйткені бұл саясат Азиядағы, — тіпті Азиядан тыс жерлердегі, — тарихи дамудың

СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІНІҢ ЖЕНЕВА КЕҢЕСІ

ЖЕНЕВА, 3 май. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Бүгін Сыртқы істер министрлері Женева кеңесінің кезекті мәжілісі болды. Мәжілісте А. Иден председателдік етті. Корей мәселесі онан әрі талқыланды.

Даллестің Женевадан кетуіне байланысты бүгінгі күннен бастап АҚШ делегациясын АҚШ мемлекеттік секретарының орынбасары И. Беделл Смет басқарады.

Кеңесте туған жағдай Оңтүстік Кореяның өкілі Бьон Йон Тэңі бүгінгі мәжілісте жаңа мәлімдеме жасауға мәжбүр етті. Председателдік етуші А. Иден мәж-

лісті ашып, Цейлон премьер-министрінің жұмырда Коломбода болған Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің премьер-министрлері конференциясының председатели ретінде кеңеске қатысушыларға Коломбода болған конференция жұмысының нәтижелері туралы мазмұндамадан үзінділер жібергенін хабарлағаннан кейін Бьон Йон Тэ сөз алды.

Корей Халық-Демократиялық Республикасының, Қытай Халық Республикасының және Совет Одағының Сыртқы істер министрлері сөздерінің кеңеске қатысушыларға және бүкіл дүние жүзіндегі жұртшылық пікіріне зор әсер жасаған-

дығына өзінің абыржып отырғандығын оңтүстік корейлік өкіл тіпті де жасыра алмайды. Ол осы сөздерде келтірілген дәлелдер мен ұсыныстарға жауап беруге дәрменсіз әрекет жасап бақты. Бірақ, лисымандық министрінің сөзі бұл жолы да антисоветтік және антикоммунистік американ насихатының тозығы жеткен тезистерін қайталаумен ғана тынды.

Лисымандық өкілдің бейпіл және соншалық зеріктіретін сөзінен кейін председателдік етуші Корей Халық-Демократиялық Республикасының Сыртқы істер министрі Нам Ирде сөз берді.

Нам Ирден кейін шығып сөйлеген

корей мәселесіне осындай көзқарас біртұтас және тәуелсіз демократиялық Корея, құру туралы мәселені бейбіт жолмен шешуге жөн жағынан көмектесе алады, корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге шын мәнісіне жетуге жәрдемдесе алады.

Егер Женева кеңесі Азия халықтарының өз істерін өздері шешуге толық правасы бар, мұның өзі, ең алдымен, олардың өз ісі деген принципке сүйенетін болса, ол мұны істей алады.

Басқа мемлекеттер, соның ішінде Женева кеңесіне қатысушылар да тағу ынтымақпен күш жұмсап, бұл істе Азияның халықтарына көмектестуге міндетті.

Бұл кеңестің міндеттерін осылай деп түсіну Азия халықтарының бостандығы мен ұлттық өрлеуі мүдделеріне, сонымен бірге, Азияда бейбітшілікті нығайту мүдделеріне және жалпыға бірдей бейбітшілік мүдделеріне анағұрлым сай келген болар еді. Женева кеңесінде жақсы нәтижелерге жету басқа проблемаларды да, соның өзінде Азиядан басқа жердегі проблемаларды да реттеуге көмектескен болар еді.

Қытай Халық Республикасы делегациясының басшысы Чжоу Энь-лай Азияда бейбітшілікті қамтамасыз ету ісінде Азия елдерінің күш-жігерін біріктірудің дұрыс болатындығы туралы осында пікір айтты. Совет делегациясы бұл пікір-те толығымен қосылды. Европадағы европалық халықтар сияқты, сондай дәрежеде Азияның халықтары да Европада, Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетіндей қадамдар жасауға тиіс.

Кеңес Оңтүстік Кореяның өкілін тыңдады, бірақ осы бинаралық сөзде қандай да болса қолайлы нақты ұсыныстар жасалған жоқ.

Осында корей проблемасын бейбітшілікпен реттеу туралы мәселе жөнінде Корей Халық-Демократиялық Республикасы үкметінің көзқарасы да баяндалды.

Совет делегациясы Корей Халық Демократиялық Республикасының сыртқы істер министрі Нам Ир енгізген ұсыныстар корей мәселесі жөнінде тиісті қарап қалыптауға негіз бола алады деп санады. Бұл ұсыныстар туған елінің бірлігін қалпына келтіруге ұмтылған корей халқының ұлттық армандарына сай келеді және халықтар арасында бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келеді.

Грецияның Сыртқы істер министрі Стефанос Корей Халық-Демократиялық Республикасы делегациясының ұсыныстарын «елеулі көңіл бөліп қарауға болмайды» деп дәлелсіз құрғақ мәлімдеме жасады. Ол Корей проблемасын реттеудің бірден-бір жолы Біріккен Ұлттар Ұйымының Корей мәселесі жөніндегі қарарын орындау болып табылады-мыс деп соншалық дәлелсіз сылтаулар айтты.

Бұдан кейін КХР-дың Сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лай сөз алды.

Чжоу Энь-лайдың сөзінен кейін мәжіліс жабылды. Кеңесі мәжіліс 4 майда болады.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Селонь көркейту ісімен кім шұғылданбақ ?

Майбалық селосы Преснов ауданындағы ірі селолардың бірі. Алайда, село мәдениет жағынан әлі де болса артта қалып келеді. Селоньдің кейбір көшелеріндегі жаңа үйлер ешбір жобасыз, көрінген жерге қалай болса солай салынған.

Селолық Совет село көшелеріне ағаш егу, спорт алаңын жабдықтау, балалар бақшасын салу және селонь көркейту жөнінде бірқатар шаралар белгілеген қаулылар қабылдаған болатын. Бірақ, бұл қаулылардың бірде-бірі орындалған жоқ, оны орындауды селолық Совет басшылары ұйымдастырған да емес.

1950 жылы селода клуб салу ұйғарылып, Қарағаш ауылындағы бір үй бұзылып Майбалыққа тасылып алынды. Содан бері клуб үйінің құрылысын қолға алып, аяқтауды ескерген ешкім болмады. Ал, селолық Совет басшыларының ашық

ауыздығымен пайдаланып, құрылыс материалдарының көпшілігін кім көрінген тасып әкетумен жойды.

Селодағы жалғыз мәдениет орталығы — оқу үйінің өзі бір бөлмелі үйге орналастырылған. Мұнда село еңбекшілерінің кешкілікте кітаптар, газет, журналдар оқуына, радио тыңдап, бос уақыттары көңілді, мәдениетті өткізуіне ешқандай жағдай жасалмаған.

Майбалық селолық Советі атқоминоң (председателі Дүйсембин жолдас) басшылары, депутаттары мен активтері селонь көркейтіп, мәдениетін арттыру жөнінде сайлаушыларына берген уәделерін, сайлаушылардың тапсырған аманаттарын іс жүзінде орындауды ескермей отырса, селонь көркейту ісімен енді кім шұғылданбақ ?

Х. ОСПОВ.

Кезек күттірмейтін іс

«Бұлақ» ауылшаруашылық артелинің (Ленин ауданы) басшылары артель мүшелерінің мәдени қажетін өтеуге жаңа аударуды естен шығарып отыр. Мәселен, колхозда осы уақытқа дейін клуб үйі және мұшпа жоқ. Колхозшылар үшін лекциялар оқылып тұрмайды, ал, жыл бойы колхозшыларға бір рет ғана кино көрсетілді.

Бұл кемшіліктерді жоюға колхозда мүмкіншілік жеткілікті. Мұнда үгіт-бұқаралық жұмысының дәрежесі өте төмен. Мәселен, жетіжылдық мектептің оқыту-

шылар коллективі мен ауыл шаруашылық мамандарын колхозшылар арасындағы үгіт-бұқаралық және мәдени ағарту жұмыстарына қатыстыруды колхоз бас-таушы партия ұйымы ойламайды.

Колхозшылардың мәдени қажетін толық қанағаттандыру — кезек күттірмейтін іс. Сондықтан да аудандық мәдениет бөлімі мен колхоз партия ұйымы үгіт-бұқаралық жұмысындағы кемшіліктерді тез жоюды қолға алатын уақыт жетті.

С. ЕЛЕУСІЗОВ.

Ескерусіз бөлімше

Николаевка байланыс бөлімшесі Преснов ауданындағы ірі байланыс бөлімшелерінің бірі бола тұрса да аудандық және облыстық байланыс мекемелері оның ойдағыдай жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасамай отыр.

Ең алдымен, мұнда хат-хабарларды және газет, журналдарды облыс және аудан орталығынан деркезінде жеткізу мәселесі дұрыс жолға қойылмаған. Мәселен, біз орталық және республикалық газеттерді тек 8-9 күннен кейін, облыстық және аудандық газеттерді 4-5 күннен кейін ғана аламыз. Ал, бұл газеттерді облыс орталығынан Николаевка селосына бір күнде жеткізуге толық мүмкіншілік бар.

Сол сияқты, селодағы телефон байла-

нысы да нашар жұмыс істейді. Әресе, ауданның колхоздарымен телефон байланысын жасау өте қиын. Өйткені, біздің селоньдің телефон байланысын қамтитын Архангельск байланыс бөлімшесінің коммутаторы 18 телефон точкасын қамтыды. Сондықтан да, көпшілік уақытта тек «линия бос емес» деген себеппен, бір жермен сөйлесу үшін 40—50 минут күтуге тура келеді.

Аудандық және облыстық байланыс мекемелері Николаевка байланыс бөлімшесінің ойдағыдай жұмыс істеуіне мүмкіншілік жасаса екен ?

К. ОМАРОВ.

И. СМАҒҰЛОВ,

Николаевка орта мектебінің оқытушылары.

Колхозшылар талабы

Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхозда хат-хабар тасу ісі нашар. Рас, колхоз бастаушы партия ұйымы бұл жөнінде төменнен көтерілген сын бойынша бұдан біраз уақыт бұрын хат-хабар тасу жұмысында болып келген кемшіліктерді жоюдың тиісті шарасын қолданды, сөйтіп, колхозшылар хат-хабарлары мен газет, журналдарын уақытында алып отыратын болды.

тасу үшін бөлінген арнаулы адамды колхоз басшылары бұл жұмыстан алып, күзетші етіп белгіледі. Осыдан кейін хат-хабар, газет, журналдар иелерінің қолына тиімейтін болды.

Колхозшылар хат-хабарлары мен газет, журналдарын уақытында алып отыруға асық. Бірақ, колхоз басшылары колхозшылардың бұл заңды талабымен есепте-

Поль Робсонның мәлімдемесі

НЬЮ-ЙОРК, 4 май. (СОТА). Поль Робсон баспасөз үшін мынадай мәлімдеме жасады:

«Әртүрлі газет шолушылары, радио шолушылары және журналдар Поль Робсон «өзінің көзқарастарын өзгертіп» отыр -мыс деп, адам нанғысыз жалақорлық лақап таратуда. Ама! қанша, өтірікшілер өз өтірігін онан әрі тарата береді, ал, мұның өзі қайғылы бола тұрса да, біздің заманымызда американдық өтірікшілердің алауан түрлі өтіріктерді, соның ішінде, біздің жаңа ғана Вашингтонда көргеніміздей, жалған суреттерді қолдан жасап таратуда бүкіл дүние жүзінен озып отырғандығының даусыз фактісін мойындауға тура келеді.

Бірақ, менің баспасөз үшін мынадай мәлімдеме жасағым келеді: менің өмірімнің және істеп отырған жұмысымның бүкіл маңысы — ол өз сенімдеріме берілгендігім. Бұған дейінгі көптеген жылдардағы сыяқты, мен қазірде де бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен демократия жолындағы, негрлер мен отар халықтарды азат ету жолындағы, Совет Одағының, жаңа Қытайдың және еуропалық халықтық демократия елдерінің халықтарымен арадағы достық жолындағы күреске өзімнің барлық күшімді үнемі және толығымен жұмсап отырмын. Барлық елдердегі еңбекшілер бұқарасының мүдделерін көздеу — менің басшылыққа алып отырған принципім, міне осы, ал, мені бұл принциптен айнуға мәжбүр ететіндей жер бетінде ешқандай күш жоқ екенін мен білемін.

Мені өзінің көзқарастарын өзгертті деп жұрт адында мәлімдеп отырғандарға мен мынаны ғана айтамын: ақмақтықтың шегіне жеткен мұндай адам болар ма екен? Бүгін таңда, Даллес минут сайын сутегі бомбасын жаудырамыз деп және біздің өз басымызға да осындай хауіпті соққы тигізгелі отырғанда бейбітшілік жолындағы күрестің маңызы неліктен кем болады? Бейбітшіліктің халықаралық Сталиндік сыйлығының лауреаты — Поль Робсонның қай кезде болса да бейбітшіліктің қасиетті ісі жолындағы өз күресін тоқтатуы ақылға сыйр ма екен?

1950 жылы «Африка бостандығын қорғаушы» атағы берілген үш адамның бірі — мен, 1954 жылы Кениядағы өз бауырларымың онан әрі өлтірілуіне қалайша көз жұмып отыра аламын? Ал, осында, Америкада, дәл осында нәсілдік кемсітушілік кәзірдің өзінде құртылып, жерленген бе екен? Конгресс Линч сотына тыйым салатын заң және жұмысқа әділетсіздікпен жалдап алу туралы заң қабылдаған ба екен? Менің халқымның экономикалық, саяси және әлеуметтік теңдік жайындағы талаптары қанағаттандырылған ба екен? Егер олай болмаса, онда бүкіл өмірім осы мақсаттар үшін күресуге арнаған Поль Робсон өзінің көзқарастарын енді неге өзгертуі керек.

Шынында да, мені адамзаттың көпшілігімен берік байланыстырған бейбітшілік пен азаттықтың ұлы ісінің жеңілмейтіндігін әрбір күн жападан дәлелден беріп отыр ғой. Бүкіл Азияда кәзірдің өзінде империализмге үкім шығарылған.

Кореяның Біртұтас демократиялық Отан майданы Орталық Комитетінің үндеуі

ПХЕНЬЯН, 4 май. (СОТА). Кореяның біртұтас демократиялық Отан майданы Орталық Комитетінің корей халқына арналған КБДОМ Орталық Комитетінің 2 майда Пхеньянда болған мәжілісінде қабылданған үндеуі жарияланды.

Үндеуде былай деп көрсетілген: Азияның пісуі жеткен мәселелерін, атап айтқанда, корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге тиіс болып отырған Женева кеңесі бүкіл корей халқының және бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік халықтарының орасан зор ынтасы мен үмітін тудырып отыр. Корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу, делінген үндеуде, корей халқының ең зор тілегі болып табылады. Бұл мәселені шешуге бүкіл дүние жүзінің бейбітшілік халықтары да мейлінше мүдделі. Женева кеңесі жұмысының екінші күні КХДР делегациясының басшысы — Сыртқы Істер Министрі Нам Ир бүкіл корей халқының еркін білдіре отырып, Отанымызды бейбітшілікпен біріктіру жөнінде нақты ұсыныс енгізді. КБДОМ Орталық Комитеті бұл ұсынысты толығымен қолдап, қызу мақұлдады.

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Женева кеңесінде жасаған мәлімдемесінде былай деп көрсетті: «КХДР Сыртқы Істер Министрі Нам Ир енгізген ұсыныстар корей мәселесі жөнінде тиісті қарар қабылдау үшін негіз бола алады», ал, КХР Сыртқы Істер Министрі Чжоу Эн-лай Корей Халық Демократиялық Республикасы делегациясының ұсынысын өзінің «толығымен қолдайтындығын» мәлімдеді. Бірақ Женева кеңесіндегі АҚШ өкілі Даллес біздің әділетті ұсынысымызға қарсы шықты.

Кореяны бейбітшілікпен біріктіруге бағытталған біздің жақтың әділетті ұсынысын толығымен мақұлдамай, делінген бұдан кейін үндеуде, Даллес және Оңтүстік Кореяның Женева кеңесіндегі өкілі американдық әскерлерін Кореядан әкетуге және еркін сайлау өткізуге қасарысқан қарсылық білдірді. Олардың қарсы болатын себебі сол, Ли Сын Манның халықтар толық оқшауланған қолжаулық үкметі американдық әскерлерінің найзасымен қорғалмаған күнде тіпті бір күн де өмір сүре алмайды. Оның себебі сол, мұндай ретте Оңтүстік Кореяда орнатылған халыққа қарсы полицейлік террорлық тәртіпті Солтүстік Кореяға таратуға, сөйтіп, бүкіл Кореяны американдық империалистерінің отарына және жаңа соғыстың тірегіне айналдыруға тырысып отырған АҚШ билеуші топтарының жоспарларын жүзеге асыру мүмкін болмайды.

Осы арам ниеттерді бүркемелеп, Даллес және Женева кеңесіндегі оңтүстік корейлік қолжаулық өкіл Қытай халық еріктілерінің бөлімдерін бір жақты әкету туралы даурығып отыр.

Үндеуде Қытай Халық Республикасының корей соғысына өзін қорғау мақса-

тымен қатысуға мәжбүр болғаны атап көрсетілген. Уақытша бітім туралы келіссөздердің барысында, сонымен қатар уақытша бітімнен кейін Қытай Халық Республикасының үкметі барлық шетелдік әскерлерді Кореядан бір мезгілде әкетуді талай рет талап етті. Жоғарыда айтылған фактілердің бәрі, деп атап көрсетілген үндеуде, американдық империалистері мен диссидандық топтың Женева кеңесінің қолайлы маңызын мойындамай, халықаралық шиеленісті бұрыңғыдан алаңғарым күшейтуге және корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуді сәтсіздікке ұшыратуға, сөйтіп, Кореядағы уақытша бітімді баянды бейбітшілікке айналдыруға кедергі жасауға, біздің Отанымыздың бөлшектенуін мәңгі сақтап, Кореяда аграриялық соғыстың қайта басталуы хауіпін тудыруға тырысып отырғандығын айқын көрсетеді. Женева кеңесі бұл фактілердің бәрін айыптауға тиіс, мұның өзі біздің Отанымызды бейбітшілікпен біріктіру ісіне орасан зор пайда келтіреді.

Кореяны демократиялық негізде бейбітшілікпен біріктіру үшін және корей халқының өз тілегін еркін білдіруіне сөйкес, — делінген үндеуде, — біз барлық шетелдік әскерлерді Кореядан бір мезгілде әкетуді жүзеге асыру қажет деп санаймыз. Сондықтан КБДОМ Орталық Комитеті Женева кеңесіндегі КХДР үкмет делегациясының шетелдік әскерлер алты айдың ішінде Кореядан әкетілуі тиіс деген ұсынысын ең әділетті және бірден-бір дұрыс ұсыныс деп қарайды. Солтүстік және Оңтүстік Кореяда, сырттан қандай да болса араласуға жол бермей, жалпыға бірдей еркін сайлау өткізуді әзірлеу үшін Оңтүстік және Солтүстік Кореяның өкілдерінен жалпыкорейлік комиссия құру жайында КХДР делегациясының Женева кеңесінде енгізген ұсынысын КБДОМ Орталық Комитеті ең тиімді, деркезінде жасалған, нақты ұсыныс деп санайды. Ең қажетті және шұғыл міндет сол, осы комитет КХДР мен Оңтүстік Корея арасында экономикалық және мәдени байланыстар орнатуға, яғни сауда, финан, есеп айырысу, транспорт және шекара қатынастарын орнатып, дамытуға, халықты ауыстырып орналастыру, хаттар алысу және мәдени-ғылыми байланыстар жасау үшін жағдай тудыруға шаралар қолдануға тиіс.

Үндеудің қорытындысында патриоттық партиялар мен қоғам ұйымдарының барлық мүшелері, патриоттық көзқарастағы барлық адамдар мен қоғам қайраткерлері Женева кеңесінің КХДР үкмет делегациясының ұсынысын корей мәселесін шешу және бұл ұсынысты жүзеге асыру ісіндегі келіссөздердің негізі ретінде қабылдауын батыл талап етуге, сонымен қатар Женева кеңесінде корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге қарсы дұшпандардың айла-әрекеттерін әшкерелеп, сәтсіздікке ұшыратуға шақырылған.

Мароккодағы жағдай

ПАРИЖ, 2 май. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарларынан көрінгеніндей,

бақылауға алынып, қатты күзетілуде. Кеше бір күннің ішінде ғана Касабланка-

ҚЫТАЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ 1953 ЖЫЛҒЫ ЖАРЫСЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

ПЕКИН, 3 май. (СОТА). Қытай жұмысшы табы 1953 жылы — бірінші бесжылдықтың бірінші жылында елді социалистік индустриализандыру күресін жүзеге асыруда және өзінің ұлы отанының қуаттылығын нығайтуда зор табыстарға жетті.

«Женьминьжибао» газетінің бүгінгі хабарына қарағанда, елдің заводтары мен фабрикаларында жұмысшылардың еңбек жарысының көпінен өрістеуі арқасында 1953 жылдың өндіріс жоспарын мемлекеттік, кооперативтік және жекеменшіктік-мемлекеттік кәсіпорындар жалпы онім жөнінде 7 процент асыра орындаған. 1953 жылы, 1952 жылымен салыстырғанда, электр қуатын өндіру 26 процент, көмір шығару — 7 процент, шойын қорыту — 17 процент, болат қорыту — 31 процент, металл кесетін станоктар жасау — 38 процент, мақта мата жіптерін шіру — 15 процент, қағаз жасау — 11 процент, ұн тарту — 13 процент артқан.

Өндірістік жарыстың барысында өндірістің көптеген тамаша жетістіктері жарысқа шыққан. 1953 жылы Қытай Халық Республикасы заводтарының, фабрикаларының, шахталарының және электр станцияларының жұмысшылары 630 мың рационализаторлық ұсыныстар мен техникалық жаңалықтар енгізген. Аса маңызды 66.400 рационализаторлық ұсыныстың өзі ғана елге 1.722.400 миллион юань мөлшерінде қаржы үнемдеп берген.

Индустриализандыру ісінің өркендеуімен қатар Қытай жұмысшы табының саны үздіксіз артып келеді. 1953 жылдың аралығында Қытайдың кәсіподақтары 11 миллион адамды біріктірген, мұның өзі 1952 жылғыдан 7,4 процент артық.

Үкмет тұрғын үйлер салуға көп қаржы бөліп отыр. 1953 жылы Қытайдың жұмысшылары мен қызметшілері 955 мың шаршы метрден аса тұрғын үйлер алған.

Қытайдың кәсіпорындарында жұмысшылар үшін жалпы білім беретін жаңа техникалық мектептердің кең жүйесі құрылған. 1953 жылы Қытай Халық Республикасының заводтары мен фабрикаларында (Орталық, Оңтүстік Қытайды қоспағанда) жалпы білім беретін 7.400-ден аса мектеп жұмыс істеп, мұнда 1.780 мың жұмысшы оқыған.

ПОЛЬША ЕҢБЕКШІЛЕРІ ӨЗ ЕЛІ ҮКМЕТІНІҢ САЯСАТЫН МАҚҰЛДАУДА

ВАРШАВА, 3 май. (СОТА). Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитеті мен Польша Халық Республикасы Министрлер Советінің халық тұтынатын товарлардың бөлшек сауда бағаларын кезекті кеміту туралы қаулысын поляк халқы зор жігерленгендікпен қарсы алды.

Бүгін «Трибуна лоду», «Жице Варшавы», «Голос Працы» газеттері, сол сияқты жергілікті баспасөз азық-түлік және өнеркәсіп товарларының бағаларын жаңадан кеміту жөнінде поляк еңбекшілерінің көптеген пікірлерін басуда. Ең-

Бірақ, бұл ұзаққа бармады. Хат-хабар!

К. БАҚТЫБАЕВ.

Сауда орнында тәртіп жоқ

Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының 3-бригадасы — Қызыл ту участогінде дүкен бар. Мұның дүкен деген аты болмаса, сыртынан қарағанның өзінде де сауда орнына атымеч ұқсамайды. Дүкенде бірде-бір терезе жоқ, іші тар, қараңғы. Келген товарларды сөрт-сорттына қарай төртінше тізіп қоятын орын болмағандықтан товарлар қалай болса солай үйіліп, араласып жатады. Сондықтан товарлардың түрін, олардың бағаларын көрудің өзі қиынға соғады.

Дүкенді кәдімгі совет саудасының мәдениетті, бір қалыпты жұмыс істейтін орнына айналдыру ісіне Ивановка селозық тұтынушылар қоғамының председателі Долгачев жолдас көңіл аудармайды. Ол тіпті дүкеннің жұмысын жақсартқысы және жақсартуды талап етіп отырған колхозшылардың талап-тілектерімен есетескісі де келмейді. Бұл мәселеге Саратов ауылдық Советінің председателі Жусыпов жолдас та жеткілікті көңіл бөлмей отыр.

Қ. СЫРЛЫБАЕВ.

өз бұғауларын жұлып тастауға ұмтылып отырған басқа отар елдер де өз бостандығының бүкіл ұлылығымен қатарға қосылады.

Ал, осында да, біздің елімізде де, Дүниежүзілік жаңа соғысқа «өздігінен» кіріскісі келіп отырғандар америкалық қалың қолдауына үміт арта алмайтыны сыяқты, ал басқа халықтардың бәрі де кәзірдің өзінде-ақ «жоқ» деген сөзін айтты.

Менің көзқарастарымды өзгерту? Жоқ, мырзалар, баспасөз өкілдері, бұдан гөрі сіздердің өз көзқарастарыңызды өзгертендеріңіз жақсы болар еді, өйткені, менің сенім отырған ісім кәзірдің өзінде жүзеге асырылуда.

қалпында көрінеді. Францияның Мароккодағы бас президенті генерал Гийом төтенше шаралар қолданамын деп халықты сақтандырғаннан кейін елде іс жүзінде төтенше жағдай енгізілген. Касабланкада екі күннен бері «тазартып шығу» операциясы жүргізіліп, оған жергілікті полицияның үстіне басқа аудандардан қалаға әкелінген полицейлік бөлімдер мен әскерлер қатысуда. Қаланың араптар тұратын кварталдарын полицейлік күзеттер қоршап алған. Қаланың еуропалық бөлігінде әскери күзетшілер марокколықтардың документтерін тексеруде. Астанаға келетін жолдардың бәрі

1 майға қараған түнде өкмет орындары «Истикляль» партиясының көрнекті төлгіз шәһесін және «демократияшы» тәуелсіздік партиясының екі қайраткерін тұтқына алып, елдің оңтүстігіне жер аударған. (Бұл ұйымның екеуі де елдегі француз үстемдігіне қарсы шығып, Мароккоға тәуелсіздік берілуін талап етуде).

халықтың мемлекеттің өнеркәсіпін оған әрі өркендетуге, ауылшаруашылық өндірісін үздіксіз өрге бастыруға және халық бұқарасының тұрмыс дәрежесін арттыруға бағытталған саясатын қызу мақұлдауда.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

ССРО ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМЫНЫҢ

(1951 жыл шығарылуы)

Бесінші ұтыс тиражы

Тираж 1954 жылғы 25 апрельде Вильнюс қаласында өткізілді. Таблицада 100 сомдық облигацияға шыққан ұтыстар көрсетілген. Заемның барлық разрядындағы сериялар мен облигациялардың мына нөмерлеріне ұтыс шықты:

Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен	Серия № №	Облигация № №	Ұтыс мөлшері сом есебімен
100129	10*	1.000	105719	11*	1.000	110629	50**	1.000
100166	10*	1.000	105800	1—50	500	110812	12**	1.000
100168	26**	1.000	105810	02**	1.000	111105	02**	1.000
100384	1—50	200	105819	11**	1.000	111202	09**	1.000
100459	15*	1.000	105834	35*	25.000	111256	1—50	500
100574	1—50	500	105891	1—50	200	111343	1—50	500
100758	38**	1.000	105926	1—50	200	111471	06**	1.000
100892	1—50	200	106055	1—50	500	111598	22**	5.000
101091	1—50	200	106112	02**	1.000	111718	1—50	200
101263	08**	1.000	106126	44**	1.000	111919	47**	1.000
101292	43**	1.000	106249	1—50	200	111987	33**	5.000
101331	26**	1.000	106330	13**	1.000	112146	1—50	200
101375	43**	1.000	106375	1—50	200	112152	38**	1.000
101539	38**	1.000	106405	42**	1.000	112408	1—50	200
101568	26**	1.000	106405	42**	1.000	112409	41**	1.000
101596	30**	1.000	106519	1—50	200	112517	40**	1.000
102143	1—50	200	106607	1—50	200	112542	03**	1.000
102412	1—50	500	106637	1—50	200	112542	03**	1.000
102431	12**	1.000	106682	41**	1.000	112616	36**	1.000
102463	01**	1.000	106891	02**	1.000	112785	1—50	200
102484	28**	1.000	107024	36**	1.000	112837	26**	1.000
102506	07**	5.000	107268	1—50	200	112885	10**	1.000
103156	12**	10.000	107364	1—50	500	112896	35**	1.000
103191	28**	10.000	107406	29**	1.000	113075	36**	1.000
103318	42**	1.000	107573	37**	1.000	113291	1—50	200
103576	27**	1.000	107922	39**	1.000	113452	15**	1.000
103669	47**	5.000	108040	04**	5.000	113558	46**	1.000
103916	1—50	500	108380	1—50	200	113583	1—50	200
104012	34**	1.000	108628	1—50	500	113660	1—50	200
104100	1—50	200	108790	36**	1.000	113685	1—50	200
104108	47**	1.000	108900	36**	1.000	113900	04**	1.000
104201	06**	10.000	109310	15**	1.000	113965	14**	1.000
104224	1—50	500	109346	1—50	200	114035	23**	1.000
104260	09**	1.000	109359	16**	1.000	114172	37**	1.000
104415	07**	1.000	109377	23**	1.000	114192	02**	10.000
104426	01**	5.000	109398	47**	5.000	114309	23**	1.000
104500	05**	1.000	109650	48**	1.000	114326	40**	1.000
104776	1—50	200	109766	1—50	500	114339	1—50	200
104853	35**	1.000	109851	1—50	200	114551	02**	1.000
104871	12**	1.000	109988	50**	1.000	114567	1—50	500
104890	07**	1.000	110125	17**	1.000	114652	50**	1.000
104913	44**	5.000	110141	26**	1.000	114788	1—50	500
105120	1—50	500	110187	1—50	200	114829	1—50	200
105217	46**	1.000	110202	07**	1.000	114875	34**	1.000
105229	35**	1.000	110512	23**	1.000	114909	1—50	200
105709	1—50	200	110602	1—50	500	115049	1—50	200
			110606	23**	1.000	115365	1—50	200

*) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 нөмеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

Радио күні

Бұдан 59 жыл бұрын 1895 жылы 7 май күні орыстың ұлы ғалымы Александр Степанович Попов Петербургтағы орыстың физика-химия қоғамының жыйналысында дүние жүзінде бірінші болып өзі ойлап жасап шығарған радиокабылдағышты көрсетті. Данышпан орыс оқымыстысы тарихта тұңғыш рет эфир арқылы хабар алатын және хабар беретін радио аппаратын адамзат баласына ашып берді. Сөйтіп, ғылым мен техникада жаңа заман — радио заманын ашып, біздің елімізді радионың туған Отаны етті.

А. С. Поповтың ашқан жаңалығы ғылым мен техниканың болашақтағы дамуында зор белес, жаңа кезең болып табылды. Бірақ, халыққа ашық пен қайыршылықтың, бақытсыздық пен бейнеттің нәлет қамытын кигізіп, халықтар түрмесі болған патшалық Россияның заманында ұлы оқымыстының бұл жаңалығы қолдау таба алмады. Радиотехниканың дамуы тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана шын мәнісінде өріс алды. Адамзаттың ұлы данышпаны және көсемі Владимир Ильич Ленин радионы алыс пен жақында елемейтін, қараусыз шығатын газет деп бағалап, бұл тамаша жаңалықтан халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы күрестің, еңбекші бұқараға коммунистік тәрбие берудің, еліміздің халықтарының коммунизм жолындағы жаңғырлық күресінің өте икемді, жанды, күшті, құралын көрді. А. С. Поповтың бұл еңбегі аса жоғары бағаланып, оның радиокабылдағышы алғаш сыналған күн — 7 май Совет Үкметінің арнаулы қаулысы бойынша жыл сайын мейрамдалатын дәстүрлі мерекеге айналдырылды.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі радиотехниканың одан әрі дамуына ерекше көңіл бөліп, оны еліміздің халықтарының күнделікті тұрмысына берік сіңдіріп, біте қайнастырды. Совет ғалымдары радиотехниканы жетілдіруде қажырлылықпен еңбек етіп, ғылым мен тех-

никаның бұл саласында ең негізгі ғылыми жаңалықтардың бірінші болып біздің елде ашылуын қамтамасыз етіп отыр. Совет өкметі жылдарында біздің ұлан-байтақ Отанымызда қуатты радиостанциялардың кең сеті орнады. Бұл жылдар ішінде мыңдаған радиотораптар салынды. Сөйтіп, бізде радио еңбекші бұқараның қызметіне түгелдей бағындырылды. Кәзір біздің еліміздегі радионың барлық хабары елімізде коммунизм құру ісіне, бұқараға коммунистік тәрбие беру ісіне бағытталып отыр. Совет радиосы дүние жүзінде баянды бейбітшілік орнату жолында қажырлылықпен күрес жүргізіп, соғыс өртіп тұтандырушылардың тіміскілеген айла-әрекеттері мен зымияндығын халық алдында әшкерелеуші, әлемге шындық даусын жеткізуші, коммунизмнің ұлы идеяларын, ғылыми білімдерді таратушы. Радио біздің елімізде медицина, өнеркәсіп, транспорт, ауыл шаруашылығы салаларында да қызмет істейді.

Қаланы және ауыл-селоларды радиоландыруда біздің облыстың табыстары да ұшан-теңіз. Солтүстік Қазақстан облысы бұдан үш жыл бұрын республиканы жаппай радиоландыру жөніндегі социалистік жарыстың жарысы болған болатын. Сол уақыттан бері біздің облыс республика бойынша бұл жарыста бірінші орынға ие болып келеді. Тек өткен жылдың өзінде ғана қала мен ауыл-село еңбекшілерінің үйлеріне 5 мыңнан астам радиоточкалар мен 600 радиокабылдағыштар орнатылды. Бұл салада жылдық жоспар біржарым еседен асыра орындалды. 36 ауылшаруашылық артелі жаппай радиоландырылып, оның 22-інде өздерінің радиотораптары орнатылды.

сымыздағы радиотораптардың қуаттылығы 4,5 есе артып, радиоточкалар саны екіжарым еседей көбейді.

Солтүстік Қазақстан облысы еңбекшілерінің алдына кәзір СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдары зор міндеттер қойды. Быйыл облысымызда 12 жаңа совхоз ашылды, еліміздің түрлі қалалары мен селоларынан біздің облысымыздағы бос жатқан тың және тыңайған жерлерді игеруге көмектесу үшін 10 мыңдай патриоттар келді. Олардың көпшілігі колхоздар мен совхоздардың орталығынан қашық жерде, бригада басында жұмыс істейтін болады. Бұл жағдай облыс радиотораптары қызметкерлерінің алдына жаңа міндеттер қояды. Быйылғы жылы жаңадан 30 колхоз радиоландырылуға және 3,5 мың радиокабылдағыштар мен 4,5 мың радиоточкалар орнатылуға тиіс.

Облыс радиотораптарының қызметкерлері еңбекшілердің өскелең мәдени қажетін барынша толық қанағаттандыру жолында қажырлылықпен еңбек етіп, радиотораптар мен байланыс линияларын тез және сапалы салуда социалистік жарысты барған сайын кең өрістетуде. Бұл жарыста Мамлют радиоторабының аға технигі Зябликов, Октябрь аудандық байланыс мекемесінің аға технигі Қасатқил, облыстық трансляция сетінің участоктік технигі Саенко жолдастар алда келеді.

Дегенмен, әлі де болса облыста радиоландырылмаған колхоздар аз емес. Кейбір колхоздарда радиотораптарын жеткілікті түрде пайдаланбау фактілері де кездеседі, радиокабылдағыштар мен репродукторлар әлі де жеткіліксіз. Бұл кемшіліктердің бәрін тез арада жою шараларын белгілеп, оны жүзеге асыру—кезек күттірмейтін міндеттердің бірінен саналады. Ал, бұл үшін бізде толық мүмкіншілік бар.

Жергілікті радиохабарларын тарату ісі де күн-күн санап жақсаруда. Облыстық мәдениет басқармасының радиохабарлары бөлімі творчестволық коллектив дәрежесіне дейін көтерілді. Оның материалдық базалары да нығайды. Жергілікті хабарлар

түрлі тақырыптарға арналып, олардың идеялық-мазмұндық және көркемдік дәрежелері де арта түсуде. Бөлім очерк, корреспонденция жанрларын, көркемөнер үйірмелерінің концерттерін, жергілікті жерлерден репортаждарды радио арқылы жиі беріп жүр.

Радио хабарлар бөлімі үкмет пен партияның маңызды қаулы-қарарларын еңбекшілер арасында насихаттауды өзінің басты міндеттерінің бірі деп біледі. Өнерсе, партияның еліміздің ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетуге бағытталған қаулыларына байланысты облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына тұрған міндеттерді түсіндіруде, ауыл шаруашылығы озаттарының іс-тәжірибелерін кең, жан-жақты көрсету арқылы олар міндеттерді орындауда бұл озат тәжірибе мен ғылым жаңалықтарының атқаратын зор ролін көрсетуде, пайдаланымай жатқан резервтерді ашуда айтарлықтай жұмыстар істеді. Радио хабарлар бөлімінің коллективі озаттардың, мамандардың, тың және тыңайған жерлерді игеруге облысымызға келген патриоттардың микрофон алдында сөз сөйлеуін ұйымдастырды.

Радио хабарлар бөлімінің штаттан тыс авторлармен байланысы да жақсара түсуде. Бұл жағдай бөлімнің облыстың колхоздары мен совхоздары және МТС-тері өмірін оперативті түрде, жан-жақты көрсетуіне мүмкіншілік беріп отыр.

Радиохабар, радиоландыру жұмыстарын кәзіргі талапқа сай жүргізе отырып, облыстың байланыс орындарының қызметкерлері радио күнін зор өрлеу үстінде қарсы алып отыр. Олар еңбекші бұқараны коммунистік рухта тәрбиелеудің күшті құралы — Совет радиосы арқылы коммунизмнің салтанат құруы үшін, партия мен үкметтің кәзіргі кезеңде алға қойып отырған міндеттерін аброймен жүзеге асыру үшін қажырлылықпен еңбек ете беретін болады.

Я. ГРИН.

Облыстық мәдениет басқармасының радио хабарлары бөлімінің бастығы.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-52, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.